На национальном научном портале размещена единственная работа, связанная с темой нашего исследования - диссертация Алигожина Б.К. на тему «Государственное управление развитием венчурного инвестирования в Республике Казахстан» на соискание ученой степени PhD по специальности «Государственное и местное управление» [12]. В диссертации исследованы процессы венчурного инвестирования, раскрыты основные характеристики, особенности, функции и роль венчурного капитала; выявлено влияние государства в развитии венчурной индустрии.

В казете найдена еще одна работа, связанная с темой данной диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук на тему «Рыночный механизм совершенствования инновационных видов предпринимательства Республики Казахстан» авторства Кулбаевой М.А., защищенная в 2009 году [13]. В работе рассмотрены формирование и развитие инновационных видов предпринимательства в кризисных условиях, определены тенденции его развития, проанализированы возможности существования в Казахстане венчурного, концессионного, лизингового и франчайзингового предпринимательства, обоснована роль государства в их развитии.

На платформе e-library.ru по запросу «венчур» поисковая система выдала 1646 публикаций. Чтобы конкретизировать поиск, мы ввели ограничение по стране «Казахстан» и по дате публикации «после 2017 года». Результат – 28 публикаций.

Так, статья Амангелдиева К.Б. в сборнике трудов VII Международной научно-практической конференции «Стратегии и инструменты управления экономикой: отраслевой и региональный аспект» называется «Эффективность становления и развития венчурной индустрии в Казахстане» [14]. В статье рассматривается понятие «венчурный бизнес», проанализированы методы и формы по привлечению венчурного финансирования субъектами малого бизнеса, исследованы этапы развития венчурных инновационных компаний.

Статья коллектива авторов «Развитие венчурного бизнеса в Республике Казахстан» посвящена анализу венчурного бизнеса на примере казахстанских предприятий минерально-

сырьевого комплекса [15]. Статья Пустакиной Т.В. «Развитие инновационного предпринимательства в Казахстане на основе венчурного инвестирования» рассматривает венчурное инвестирование в Казахстане как один из главных инструментов развития инновационного предпринимательства [16].

Проблемы развития венчурной индустрии в Казахстане также рассматривают кызылординские ученые [17]. В статье от 2017 года они рассмотрели проблемы венчурного финансирования, венчурного предпринимательства, меры государственного регулирования венчурной индустрии.

Венчурное инвестирование и влияние инновационно-инвестиционного развития малого бизнеса в экономике Казахстана изучили Аширбеков Н.Б. и Базарбаев Ж.Т. [18]. Авторы проанализировали данные малого и среднего бизнеса по производству продукции, и отметили, что наибольшая активность инновационной деятельности заметна в предприятиях по добыче угля, руды, минеральных и нефтепродуктов.

Методам повышения эффективности инвестиционных проектов и методикам оценки венчурных проектов посвящена публикация «Признаки венчурных проектов и компаний» Джадмановой Д.М. [19].

Намного больше материала по венчурному финансированию в Казахстане в публицистике. Так, интернет-журнал Форбс-Казахстан регулярно публикует материалы по теме венчурного финансирования. Выпуск от 19 апреля 2022 года посвящен венчурному инвестору Крису Диксону. С 2013 года Диксон вкладывал венчуры в виртуальную реальность, 3D-печать, дроны, и другие прорывные технологии. Затем Диксон стал инвестировать в криптовалюту и, вложив 350 млн \$ получил прибыль 6 млрд \$ [20].

О проблемах российского венчурного рынка в связи с последними трагическими событиями размещен большой материал от 7 марта 2022 года. [21]. Отмечается, что в последние годы российский венчурный рынок переживал гиперрост, количество и объем венчурных сделок росли в геометрической прогрессии, российские стартапы привлекали инвестиции от крупнейших мировых венчурных компаний. Однако, вторжение российских войск в Украину изменило картину венчурного мира, выросли банковские и трансакционные риски, российские инвесторы и предприниматели получают отказы от сделок с зарубежными коллегами. Отмечается, что любой кризис отбрасывает венчурный рынок на годы назад.

Как технологии меняют венчурную индустрию, анализирует Алан Ваксман [22]. Он отмечает, что отрасль венчурных инвестиций, финансируя прорывные технологии, многие годы оставалась неизменной. Но 2021 год стал поворотным, поскольку изменились правила игры и бизнес-модели на венчурном рынке. Мировой объем венчурного финансирования в 2021 году достиг \$621 млрд, это более чем в два раза больше, чем в 2020 году, а количество сделок увеличилось на 8 тыс, с 26 000 до 34 000 [там же].

Проведенный обзор научной и публицистической литературы приводит нас к закономерному выводу, что литературы по венчурному финансированию в Казахстане крайне мало, и основные вопросы, рассматриваемые учеными – экономические. Необходимо рассмотреть венчурное финансирование с юридической точки зрения, провести анализ нормативно-правовой базы, имеющиеся материалы практики и правоприменение.

Список использованной литературы:

1. *Об утверждении Концепции развития отрасли информационно-коммуникационных технологий и цифровой сферы. - Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2021 года №961. – Электронный ресурс. - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000961> (Дата обращения 24.04.2022)*

2. Стапаева З.Т. Развитие инфраструктурных звеньев инновационной системы Казахстана в условиях становления наукоемкой экономики. – Дисс. PhD.. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2017. – 148 с. - Электронный ресурс. - <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928.pdf> (Дата обращения 24.04.2022)
3. Мазур В.В. Совершенствование управления информационными технологиями на примере Республики Казахстан и Российской Федерации. – Маг.дисс... - Екатеринбург, 2018. – 122 с. - Электронный ресурс. - <chrome-extension://efaidnbnmnibpcajpcglclefindmkaj/viewer.html?pdfurl=1484831> (Дата обращения 24.04.2022)
4. Купешова С. Т. Инновационный менеджмент. - Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2011. - 212 с. - Электронный ресурс. - https://ozlib.com/resume/1021481/ekonomika/innovatsionnyy_menedzhment (Дата обращения 24.04.2022)
5. Өтепберген Ә.А. Проблемы венчурного и инновационного предпринимательства в РК. - Электронный ресурс. - <https://pandia.ru/text/80/208/37457.php> (Дата обращения 24.04.2022)
6. Карабалина Ж.Ж. Развитие венчурного предпринимательства в Казахстане. - Вестник казахско-русского международного университета. – 2013. - Электронный ресурс. - <https://articlekz.com/article/20738> (Дата обращения 24.04.2022)
7. Ястребов О.А., Шмелева С.В. Правовые основы информатизации в Республике Казахстан. - Теория и практика общественного развития. - 2015. - №13. - Электронный ресурс. - <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovyye-osnovy-informatizatsii-v-respublike-kazahstan> (Дата обращения: 26.04.2022)
8. Концепция проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам рискованного (венчурного) финансирования». - Министерство индустрии и инфраструктурного развития РК. - Электронный ресурс. - <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=1868860> (Дата обращения 24.04.2022)
9. Государственная программа "Цифровой Казахстан". – Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года №827. - Электронный ресурс. - <https://digitalkz.kz/wp-content/uploads/2020/03.pdf> (Дата обращения 24.04.2022)
10. Кодекс Республики Казахстан «Предпринимательский кодекс Республики Казахстан» от 29 октября 2015 года №375-V. - Электронный ресурс. - https://online.zakon.kz/document/?doc_id=38259854&mode=p&page=1 (Дата обращения 24.04.2022)
11. Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам венчурного финансирования» от 4 июля 2018 года №174-VI ЗРК - Электронный ресурс. - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1800000174> (Дата обращения 24.04.2022)
12. Алигожин Б.К. Государственное управление развитием венчурного инвестирования в Республике Казахстан. – Дисс... PhD по специальности «Государственное и местное управление». – 2017 – 229 с.
13. Кулбаева М.А. Рыночный механизм совершенствования инновационных видов предпринимательства Республики Казахстан. – Дисс... к.э.н. – 2009. – 150 с.
14. Амангелдиев К.Б. Эффективность становления и развития венчурной индустрии в Казахстане. – Сборник материалов VII Международной научно-практической

конференции «Стратегии и инструменты управления экономикой: отраслевой и региональный аспект». – С-Пб, 2017. – С.233-238

15. Сихимбаев М.Р., Старожук Е.А., Мынжасаров Р.И., Сихимбаева Д.Р. Развитие венчурного бизнеса в Республике Казахстан. – Сборник материалов Второй Международной научно-технической конференции «Управление научно-техническими проектами». – Москва, 2018. – С. 215-218

16. Пустакина Т.В. Развитие инновационного предпринимательства в Казахстане на основе венчурного инвестирования. - Трибуна ученого. – 2021. -№4. – С. 309-315

17. Мактамкул К., Абдимомынова А.Ш. Проблемы развития венчурной индустрии. - Сборник статей по материалам V международной научно-практической конференции «Проблемы и перспективы развития науки и образования в XXI веке». – Уфа, 2017. – С. 39-47.

18. Аширбеков Н.Б., Базарбаев Ж.Т. Влияние инновационно-инвестиционного развития малого бизнеса на экономику Казахстана. - Экономика и предпринимательство. – 2019. - №9(110). – С. 620-623.

19. Джадманова Д.М. Признаки венчурных проектов и компаний. - Наука и образование сегодня. - 2020. - №12(59). – С. 35-37

20. Конрад А. Как Крис Диксон сделал ставку на крипто и стал самым успешным венчурным инвестором. – Форбс-Казахстан. – 2022. – 19 апреля. - <https://www.forbes.ru/milliardery/462671-kak-kris-dikson-sdelal-stavku-na-kriptu-i-stal-samym-uspesnym-venchurnym-investorom>

21. Соловьев А. Беспрецедентное давление: с какими рисками столкнется русскоязычный венчурный рынок. – Форбс-Казахстан. – 2022. – 7 марта. - <https://www.forbes.ru/svoi-biznes/457929-besprecedentnoe-davlenie-s-kakimi-riskami-stolknetsa-russkoazychnyj-venchurnyj-rynok>

22. Ваксман А. Фонды нового типа: как технологии меняют венчурную индустрию. - Форбс-Казахстан. – 2022. – 14 февраля. - <https://www.forbes.ru/mneniya/455225-fondy-novogo-tipa-kak-tehnologii-menaut-venchurnuiu-industriiu>

Елубай Еркебұлан, Адылова Ажарлым

Алматы қ., Қайнар Академиясы. «Құқықтану» ББ 4-курс студенттері

Мемлекеттің негізгі мәні, формасы, қызметтері

Аңдатпа

Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет деп жариялаған Конституция оның ең жоғарғы құндылығы адам, адам өмірі, құқығы мен бостандығы деп ерекше атап өтті. Елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформалардың түпкі мақсаты Қазақстанда өзіндік бет-бейнесі бар ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыру болып табылады. Құқықтық-демократиялық және азаматтық қоғам құруды мақсат еткен мемлекетіміз өткенімізді осы күнмен сабақтастыра отырып, ата-бабаларымыз қалдырған тағылымдарға мән беріп, оларды заңнамаларына кірістіргенде ғана жүргізіліп жатқан құқықтық реформаларымыз қарқынды болары сөзсіз. Біз бір формациядан (кешегі кеңестік социалистік) екінші бір формацияға (капиталистік жолға) ауысу барысында өз менталитетімізге, тұрмыс-тіршілігімізге, әл-ауқатымызға, экономикамызға орай, өзімізге қолайлы әрі тән жолмен жүргеніміз жөн.

Түйін сөздер: Мемлекет, зайырлы мемлекет, құқық, мемлекеттің формасы, басқару органдары, азаматтық қоғам, Конституция, адам құқықтары, норма, міндеттеме, құқықтық мәртебе.

Основная сущность, форма и функции государства

Аннотация

В Конституции, провозглашающей Республику Казахстан демократическим, светским, правовым и социальным государством, подчеркивается, что ее высшей ценностью является человек, человеческая жизнь, права и свободы. Конечной целью проводимых в стране правовых реформ является формирование в Казахстане национальной правовой системы со своим лицом. Наше государство, стремящееся создать правовое демократическое и гражданское общество, связывающее наше прошлое с настоящим, учитывающее уроки, оставленные нашими предками, и учитывающее их в своем законодательстве, безусловно, будет активно проводить проводимые нами правовые реформы.

Ключевые слова: государство, светское государство, право, форма государства, органы управления, гражданское общество, Конституция, права человека, норма, обязанность, правовой статус.

Essence, form, functions of the state

Abstract

The Constitution, which proclaims the Republic of Kazakhstan a democratic, secular, legal and social state, emphasizes that its highest value is a person, human life, rights and freedoms. The ultimate goal of the ongoing legal reforms in the country is the formation in Kazakhstan of a national legal system with its own face. Our state, striving to create a legal democratic and civil society, linking our past with the present, taking into account the lessons left by our ancestors, and taking them into account in its legislation, will certainly actively pursue the legal reforms we are carrying out.

Key words: state, secular state, law, form of state, governing bodies, civil society, Constitution, human rights, norm, obligation, legal status.

Мемлекет – басқару функциясын орындайтын және соның көмегімен қоғамның тіршілік-тынысын қамтамасыз етеін, оған қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасауға ұмтылатын адамзат қоғамын ұйымдастырудың айрықша нысаны. Өзіне тән ерекше белгілері мен қажетіне, сондай-ақ өзіндегі аса мол мүмкіндіктеріне қарай мемлекет экономиканы дамытудың, әлеуметтік-саяси, рухани, ұлтаралық және жеке адамдардың арасындағы қатынастардың маңызды мәселелерін шешуге нақты қатысып, қоғамдағы істердің жағдайына белсенді түрде әсер ете алады. Мемлекет тек өзіне ғана тән функциялары, әсер ету нысандары мен әдістері бар айрықша құрылым ретінде сипатталады. Соның арқасында оны қоғамда, ұйымда, құрылымдар мен институттарда әрекет ететін басқалардан ерекше өзгешелігімен көзге түсетін күрделі саяси организм ретінде қабылдаймыз.

Көрсетілген негізгі жағдайлар біздің түсінігімізде және мемлекетті анықтауда өзінің көрінісін табуы керек. Өзінің көрінісін тапқан құбылыстың күрделілігі мен көп аспектілігіне қарай оның біржақты болуы мүмкін емес және бірнеше “қабатты” қамтиды.

Мемлекет дегеніміз бұл – адамзат қоғамы дамуының маңызды кезеңдеріне тән саяси ұйым [1].

а) қоғамды басқару міндетін атқару, адамдардың, топтардың, таптардың және басқа да әлеуметтік субъектілердің қарым-қатынасы реттеп, бағыттау, олардың бірлескен іс-қимылына жағдай жасау жүктелген;

б) оның саясатын жүзеге асыру жүктелген кең тармақты органдар жүйесі және биліктің ұйымдастырушылық - күш құралдары бар;

в) тапсырманың орындалуын қоғамдық өмірдің барлық субъектілері қамтамасыз ететін әкімшілік-мәжбүрлеу өкілеттігі берілген.

Мемлекет туралы бұл түсінікті ашып, нақтылай отырып, әрбір белгі соғылған белгілерге егжей-тегжейлі тоқталып, оның мазмұнды және мәнді сипаттамасына тереңірек үңіліп, әрекет ету механизмін көрсету қажет.

Мемлекеттің рулық басқару ұйымына басты айырмашылығы сол, онла арнаулы кәсіби басқару және мәжбүрлеу аппаратының болуымен немесе, оқу және монографиялық әдебиеттер атайтындай, “жария биліктің” болуы тән. Бұл жердегі әңгіме қоғамнан бөлініп шыққан, басқару негізгі жұмысына, кәсібіне, мамандығына айналған, қатары біртіндеп көбейе бастаған адамдар туралы. Басқарушы – адамдардың мұндай ерекше тобын алғашқы –рулық басқару ұйымы білген емес. Ол тек қана басқарудың мемлекеттік жүйесіне тән нәрсе; олар мемлекеттің рабайсыз үлкен механизмін іске қосады. Нәтижесінде мемлекеттің барлық халқы бір жағынан басқарылғандарға, екінші жағынан басқаратындар мен басқару жөніндегі мамандарға бөлінген сияқты. Сөйте тұра екіншілерінің біріншісіне қатысты тек қана басқару функцияларын емес, сондай-ақ кейбір мәжбүрлеп ықпал ету шараларын да ресми түрде жүзеге асыруына қақысы бар.

Мемлекеттің басқа бір ерекше белгісі, өзінің өмір сүруі үшін халықтан салық жинауға мәжбүр болуы. Салық - бұл мемлекеттің өмір сүріп, тіршілік етуінің экономикалық негізі; салықсыз ол күн көре алмайды, өйткені қаржының жетіспеуінен немесе болмауынан оның түкіл тіршілігі қиындайды. Салықты мемлекеттің барлық азаматтары, соларға қоса шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да төлейді; халықтың шамалы бөлігі ғана салық төлеуден босатылады. Мемлекет салықтан түскен қаржыны басқару және мәжбүрлеу аппаратының орасан зор армиясын ұстауға, мемлекеттің жүргізетін ішкі саяси және сыртқы саяси шараларын қаржыландыруға, медицинаны, білім беру, ғылым, мәдениет салаларын қолдауға, экономиканың маңызды салаларын ынталандыруға, қоғамдық қауіпсіздікті, құқық тәртібін және қылмыс пен құқық бұзушылықпен күресті қамтамасыз етуге пайдаланады [2, б.15].

Мемлекеттің ерекше белгілерінің біріне оның өз азаматтарын аумақтық принцип бойынша бөлетіндігі жатады, ал алғашқы – рулық басқару ұйымының негізі мүлдем басқаша - қандас туысқандардың байланысы мен қарым-қатынасынан құралады. Енді соңғысы бұрынғы маңызын жойды, басқару ісінде басым болудан қалды. Керісінше, мемлекет азаматтарға өздеріне тиесілі құқықтарын бөліп, оларға міндеттер жүктеу туралы мәселені шешкен кезде, оларды басқару, ұйымдастыру және басқа да шараларға тарту кезінде ең алдымен олардың аумақтық тиістілігін, тұрғылықты жерін ескереді.

Мемлекеттің даму барысында халықтың аумақтық принципі бірқатар мемлекеттік-құқықтық институттарымен тұтас алғанда жанама түрде байланыс орната алды, ол оны нақтылай түсуге, тереңдетуге, айқын мазмұнмен толықтыруға бағытталған еді.

Олардың ішінде қандай да бір мемлекетке тиесілілігі бекітілген азаматтық институты ерекшеленеді. Басқа тұлғалардың бәрі шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ тұлғалар болып танылады. Азаматтардың мәртебесіндегі айырмашылықтарының, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың арқасында мемлекет халықты “өзіміздікі” және “өзіміздікі емес” деп дифференциялайды. Сыртқы (мемлекеттер арасындағы) және ішкі (автономиялық және әкімшілік-аумақтық бөліністер арасындағы) шекаралар институтының маңызы айтарлықтай.

Олардың көмегімен мемлекеттік биліктің кеңістіктегі шегі, сондай-ақ мемлекеттің егемендігінің құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтық билік ету институты анықталады.

Мемлекет басқа ұйымдардан қоғамда әрекет ететін құрылымдарымен және институттарымен, егемендік сияқты қасиетімен ерекшеленеді. Бұл қасиет мемлекеттегі басқа ұйымдардан, қоғамның құрылымдары мен институттарынан жоғары қойып, оған өзіндік басымдық, қайталанбас ерекшелік береді. Егемендіктің екі құрамдас бөлігі бар: үстемдік және тәуелсіздік. Мемлекеттік биліктің үстемдігі деп өз аумағындағы ең жоғары билікті айтады. Аумағындағы жұмыс істеп тұрған барлық ұйымдар, бірлестіктер, құрылымдар мен тұлғалар мемлекеттің басымдық ролін мойындайды, өздерін оның мәртебесі мен маңызынан төмен қояды. Олар мемлекеттік биліктің бұйрығын орындауға, мемлекеттің белгіленген тәртібін сақтауға міндетті. Мемлекетке тиесілі аумақта бірде бір ұйым, бірлестік немесе құрылым мемлекетке қарсы келе алмайды.

Егемендіктің екінші бір құрамдас бөлігі болып саналатын тәуелсіздік дегеніміздің мәнісі, мемлекет өзінің билігін дербес жүргізеді, өзінің стратегиялық бағыты мен тактикалық жолын өзі таңдайды, өз ісіне ешкімді араластырмай, ішкі және сыртқы саясатын өзі жасайды, басқаның үстемдігіне жол бермейді. Тәуелсіздік ұғымының ішкі аспектісі мемлекеттің ішінде жұмыс істейтін бірде-бір ұйымның, бірлестіктің және құрылымның мемлекеттік биліктің дербестігіне қол сұға алмайтындығына ерекше көңіл аударуға міндеттейді. Ал тәуелсіздіктің сыртқы аспектісі, егемен мемлекет басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен дербес қарым-қатынасты сақтайды дегенді білдіреді.

Мемлекет - қоғамның, елдің, халықтың ресми өкілі. Қоғамның, елдің, халықтың мүддесін ол толығымен көздей алды ма, жоқ па, қоғам, ел, халық оған өкілеттік берді ме жоқ па, оған қарамастан бұл мәселенің дұрыс жауабы алдын ала түйінделіп қойған. Қоғамда, елде, халықтың арасында жұмыс істеп жатқан басқа бірде бір ұйым (бірлестік, құрылым) қоғамның, елдің, халықтыңеркі мен мүддесін білдіруші екендігін, барлық деңгейде және барлық жағдайда оларды көрсете аламын деп мәлімдеуге батылдық білдіре алмайды. Бұған үміткер болуға мемлекеттің ғана негізі бар. Мемлекеттің мұндай қасиеттерінің молдығына дау жоқ [3, б.596].

Мемлекеттің басқарудың құқықтық нысаны, реттеуді және ықпал етуді пайдалануы оның міндеті белгісі болып табылады. Олардың алдында тұрған міндетті мемлекет құқықсыз шеше алмайды. Егер мемлекеттің аумағында орналасып, жұмыс істеп тұрған басқа ұйымдар, бірлестіктер мен құрылымдар құқық шеңберінде әрекет етіп, құқық тәртібін сақтауы, заңдар мен басқа да құқықтық нұсқауларды орындалуы қажет болса, онда құқық аясындағы мемлекеттің қызметі мүлде басқаша, маңызды ерекшелігімен сипатталады және әр алуан: бұл айтылғандардан басқа, мемлекеттің құқықшығармашылық монополиясы, сондай-ақ құқық қорғау, бақылау, қамтамасыз етіп-кепілдік беретін функциялары бар. Мемлекет қоғамдағы негізгі өзара қарым-қатынаста өзінің қызметіндегі басты демеу болып отырған құқық бастауына сүйенеді.

Мемлекетте ішкі және сыртқы функциялардың жиынтығы болуы және оларды органдар, мекемелер мен билік құралдарының жүйесімен жүзеге асыруға бейімделуі (бұл мәселелер төменде егжей-тегдейлі қарастырылатын болады) мемлекеттің айрықша белгісі болып табылады.

Осыған дейін айтылып келген, мемлекеттің ерекшелік белгілерінен басқа, мемлекеттің элементтері туралы да айту керек, ол отандық оқу және монографиялық әдебиетте халық пен аумақты меңзейді. Ол тіршілік ету және даму процесінде мемлекет сүйенетін объективті тірек ретінде түсіндірілуі керек. Халықсыз және аумақсыз мемлекет жоқ және болмайды да: соңғысын табиғи факторға немесе мемлекеттің материалдық құрамдас бөлігіне жатқызу керек [4, б.74].

Мәнділік категориясы, оған сапалы айқындық беріп, аралас туыстық құбылыстардан бөліп алатын, зерттелетін құбылыстың басты және негізге алынатын белгілеріне баса көңіл аударылатындығымен маңызды. Біздегі пікір алуандығы принципін орнығуына байланысты мемлекеттік мәнін бұған дейінгі монистік баяндаудан бас тарту көзделді, бұлбір жақты, демек – ол туралы өзгерген және жалған түсінікке алып келді. Қазір мемлекеттің мәнін айқындауға жаңа талпыныстар жасалуда.

Таптық түсіндіру мемлекеттің мәнін қоғамдағы үстемдік етуші таптың артықшылық жағдайын қамтамасыз етуге, оның мүдделерін бірінші кезекте жүзеге асыруға жағдай жасауға, оларды әр түрлі озбырлықтан қорғауға келіп саятындығы белгілі. Осыдан келіп мемлекеттің қаналған тапқа деген позициясы шығады: оларды басып-жаншудан, пайдаланудан, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін мемлекеттік механизмді пайдалану мүмкіндіктеріне айырудан тұрады. Басқаша сөзбен айтқанда, бұл талдау бойынша, мемлекет өзінің мәні бойынша тап жауларында қарсы күресте пайдаланатын үстемдік етуші таптың саяси билігінің ұйымы ретінде көрінеді. Ал В.И. Лениннің сөзі бойынша, құл иеленуші, феодалдық және капиталистік мемлекеттердің мәні тиесілі құл иеленушілер, феодалдар мен капиталистер тобының диктатурасы ретінде сипатталуы мүмкін [5, б.4].

Мемлекетті таптық тұрғыдан түсіндірудің белгілі негізі бар және көбінесе қоғамдық даму тәжірибесімен расталады. Адамзат тарихының бірнеше кезеңдері бойында таптар мемлекет билігі жолындағы күреске белсене қатысқан қоғамның маңызды құрылымдық бөлімшесі болып келді. Бір тап екіншісін құлатып, өз үстемдігін орнатты, сосын жағдайға байланысты өздері қоғамдық сахнадан кетіп өз орындарын басқа тапқа берді.

Мемлекет жалпы алғанда қоғамның қалыпты тіршілік етіп, қызмет істеуіне, халыққа және, әсіресе, әлеуметтік қысым көрген және оны қысымға ұшыраған категорияларына байланысты жалпы міндеттерді шешіп жатқан кезде мемлекеттің ролі жағымды бағалануы керек. Егер мемлекет үстемдік етуші таптың, әлеуметтік топтың, билеуші таңдаулы топты жетегінде кетіп, солардың ғана мүддесін жүзеге асырумен айналысып, басқа барлық әлеуметтік мүдделер мен қажеттіліктерді ескермесе, онда оның ролі жағымды бола қоюы екіталай.

Осылайша, мемлекеттің мәні туралы мәселеге қоғамның түрлі әлеуметтік және саяси күштері тарапынан мемлекеттік қызметін бағыттылығына түрлі тәсілдер әсер етеді әрі оның шешілуі қандай күштің басым ықпал етуіне байланысты. Сондықтан, мемлекеттің мәні болып бір жағдайларда таптық үстемдік пен билеуші топтың еркін таңу есептелсе, екінші жағдайда – таптық және жалпы қоғамдық принциптердің үйлесуі есептеледі. Өз кезегінде, аталған екінші вариант әр алуан, өйткені мемлекет үстемдік етуші таптың, әлеуметтік топтың немесе артықшылығы бар топтың мүдделеріне артықшылықтар бере отырып жүзеге асырумен қатар, халықтың басқа категорияларының мүдделерінен де бір қалыпты, аз немесе көбірек көңіл бөле алады.

Мемлекеттің әлеуметтік мақсаты туралы мәселе мемлекеттің мәні туралы мәселеге тікелей келіп тіреледі. Сонымен қатар, өзінің кейбір аспектілерінде олар қиылысып та жатады. Жалпы айтқанда, мемлекеттің әлеуметтік мақсаты үстемдік етуші тапқа немесе, солармен қатар, сондай-ақ халықтың кейбір басқа топтарына тиімді тәртіпті бекітуден тұрады деуге болады. Мұндай жағдайда мемлекеттің бекітіп, қорғап және оны жетілдіріп отырған тәртібі кімге пайдалы - үстемдік етуші тапқа ма, билік жүргізетін топқа ма немесе сондай-ақ халықтың кейбір топтарына ма деген сұрақтың жауабы бұл мемлекеттің қандай екендігінен: прогрессивті ме немесе реакцияшыл ма, демократиялық па немесе халыққа қарсы ма, содан мағлұмат береді.

Ежелгі гректердің тұрпат мәнінің маңызын атап көрсетуі кездейсоқтық емес. Мысалы, Платон тұрпат жөнінде айқындаушы, белсенді рөл белгіленген. Мемлекет идеясын, оның тұрпатын өзінен бөліп алып қарастыруға болмайды, осы аталым этимологиясының өзі соны

нұсқап көрсетіп тұр (форма-тұрпат, эйдос, идея, морфэ). Аристотель өз еңбектерінде тұрпат (нысан) санатын заң ғылымдары жиынтығында ғана емес космологияда да (трансценденттік парасатты танып мойындау) және антропологияда да (“рухани жоғары қабілет –жанның” “адамның тәнінен бөлекше болатынын және мәңгілік екенін” танып мойындауырақ және басымдылық (приоритет) сақтай отырып қолданғанын байқаймыз.

Қазіргі уақытта мемлекет тұрпаты деп мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен оның құрылымы ұғынылады. “Жұп” болып келген басқа да философиялық санаттар тәрізді мемлекет тұрпаты да өзінің мазмұнымен тығыз да нық байланыстылығымен сипатталады. Осы соңғысы мемлекеттік биліктің, оның субъектісінің кімге тиістілігін анықтауға мүмкіндік берсе, оны кім жүзеге асырады деген сауалға жауап тапса, онда ол мемлекет тұрпатын зерделеу барысында сол мемлекеттегі биліктің қалай ұйымдастырылғандығын, оның өзі қандай органдар арқылы атқарылатынын, бұл органдардың құрылу тәртібінің қандай болатынын, олардың өкілеттік мерзімдерінің қаншалықты ұзақтығын, ең соңында мемлекеттік биліктің жүзеге асырылуы қандай тәсілдермен атқарылатынын және тағы сондай-сондайларды анықтайды.

Мұнда басы ашық болып отырған мәселе мемлекет тұрпатының теория жүзінде ғана емес, оның практикалық саяси мәнісінің бірінші дәрежеге дейін көтерілуі. Мемлекеттегі биліктің қалай ұйымдастырылып, қалай жүзеге асырылып жатқандығынан мемлекеттік басшылықтың нәтижелілігі, басқарудың ұтымдылығы, үкіметің мәртебелік беделі мен қадірінің дәрежесі және оның тұрақтылығы, елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің ахуалы, жайы мен күйі көрініп тұрады. Міне мемлекет тұрпаты мәселесінің аса маңызды саяси аспектісінің осыларға байланысты болып келетін себебі осы [6, б.233].

Мемлекет тұрпаты, яғни мемлекеттік биліктің құрылымы, оны ұйымдастыру мағынасы жағынан алып қарағанда әртүрлі аспектілер түрінде көрінеді. Біріншіден – бұл мемлекет пен басқарудың жоғарғы органдарын құру және ұйымдастырудың белгіленген рет тәртібі. Екіншіден – бұл мемлекеттің аумақтық құрылысын жасаудың тәсілі, орталық, регионалдық және жергілікті билік пен басқарулардың өзара қатынастарын белгілеудің тәртібі. Үшіншіден – бұл, мемлекеттік (саяси) билікті жүзеге асырудың әдістері, амал-жолдары. Сонымен мемлекет тұрпаты негізгі үш элементтен, атап айтқанда: мемлекетті басқару тұрпатынан, мемлекеттің құрылым тұрпатынан және мемлекеттік, саяс режим тұрпаттарынан синтезделеді (түзіледі). Осы көрсетілген мемлекет тұрпаты жөніндегі түсінік бірден қалыптаспаған-тын. Ұзақ уақыттар бойы бұл түсінік басқару тұрпаты мен мемлекеттік құрылыс тұрпатынан тұрады деп есептелініп жүрді де, кейінірек оған саяси режим, саяси өзгермелілік (динамика) те қоса қарастырылатын болды. Ғылыми басылымдардағы дискуссияларда - ғылыми айтыс-тартыстар барысында әртүрлі пікірлер ұсынылып жүрді. Онда мемлекет тұрпаты жөніндегі синтетикалық ұғымның кейбір аспектілеріне приоритеттер (басылымдылықтар) беріліп келген болатын. Қалай болғанда да, мемлекеттік билікті ұйымдастыру жөнінде бүгіндері ең көп тараған концепция (пікір) үш элементті: басқару, мемлекеттік құрылыс және саяси режимді біріктіре тұтастырып тұрады.

Басқару тұрпаты ұғымын пайымдағанда мемлекеттік ең жоғары биліктің ұйымдастырылуы түсініледі. Әсіресе оның ең жоғарғы және ортақ органдарының ұйымдастырылуы, олардың құрылым, құзыреттері, құрылуының тәртіптік реті, өкілеттіктерінің мерзімі, былайғы халықпен қатынасу түрлері, халықтардың оларды қалыптастыруға қандай дәрежеде қатысатыны түсініледі. Басқару тұрпаты мемлекет тұрпатының кең мағынада баяндалып түсіндірілуіндегі жетекші элемент болып саналады.

Сонымен бақсару тұрпаты деп мемлекеттің жоғарғы өкіметін ұйымдастыру ұғынылады. Оның ішінде, әсіресе, олардың ең жоғарғы және орталық органдарының ұйымдастырылуы, құрылысы, құзыреттері, бұл органдардың құрылу тәртібінің реті, құзыреті мерзімінің ұзақтығы, халықпен қатынасуларының түрі мен тұрпаты және осы халықтың мемлекеттің

жоғарғы өкіметін ұйымдастыруға қатынасу дәрежесі ұғынылады. Басқаша айтқанда басқару тұрпаты – мемлекеттегі жоғары егемендік биліктің ұйымдастырылуы, оның органдарының өзара және халықпен байланысын сипаттайды. Басқару тұрпаты мемлекет тұрпатында еңбасты жетекші элементі болып табылады.

Аристотель өз заманында басқару тұрпатын жоғарғы өкіметтік биліктің жүзеге асырылуының қалай орындалатынына қарай жіктеген болатын. Онда жоғарғы өкіметтік билікті жеке адамның бір өзі атқаратын түрі – (монархия), шектеулі адамдар арқылы атқарылатын жоғарғы өкіметтік билік – аристократия және бүкіл халықтың қатысуымен атқарылатын жоғары өкіметтік билік – демократия деп жіктелген [7, б.455].

Басқару тұрпаттарының осы көрсетілген айырым белгілері қазіргі кезге шейін сақталады. Жоғарғы билікті жалғыз адам атқара ма? Әлде ол билік сайланбалы алқалы органға тиесілі ме? Міне осы жәйтке байланысты басқару тұрпаты ерекшеленіп ажыратылады. Енді осы байланыстыра отырып басқарудың монархиялық және республикалық тұрпаттарын атап, бөліп көрсетуге болады.

Монархия – мемлекеттің егеменді жоғары билігі бір адамның қолында өмір бойы болады және атадан балаға мұра (мирас) ретінде беріледі (өтіп отырады). Монарх (патша, король, перғауын (фараон), қаһан, хан және тағы басқалар) ешкімнің алдында жауапты болмайды. Ол тек құдайдың алдында ғана жауапты.

Ең алғашқы мемлекеттердің бәрі де монархиялар болған және орта ғасырдағы мемлекеттердің көпшілігі де монархия-тын.

Қазақ жеріндегі бұрын болған мемлекеттер де монархия болған, мұнда мемлекетті қаһан, хан басқарған. Бірақ, ханның билігі атадан балаға емес, ағадан ініге мұра ретінде ауысып беріліп отырған.

Сонымен, монархия деп жоғарғы билігі бір ғана адамға тиесілі болып келетін мемлекеттегі билікті айтады. Мұндағы бір ғана адамға тиесілі билікті ол адам өз билігімен, қалауынша пайдаланады. Билікті өз билігімен қалауынша пайдалану құқығын ол адам ешқандай-да басқа биіктен алған емес болады. Ал республикада бұл билікті әрқашанда бір немесе бірнеше адамға белгіленген мерзімге халық немесе оның егемендікке ие бөлігі береді. Осы айтылған қағида қазіргі заманның монархиясын сипаттайды. Алайда, талай-талай ғасырлар бойы көптеген мемлекеттер жинақтаған тарихи тәжірибе монархияның түр-түрлерінің пайда болуын туындатты.

Әрине олардың бәрін салыстырылып дұрысталған бірыңғай формуламен қамту қиын. “Монархия” аталымы өзінің шығу тегін ежелгі гректерден алады, ол “дара өкімет”, “тұтас өкімділік”, “бір қолдан басқару” дегенді білдіреді. Дей тұрғанмен, тарихта белгілі болған ерешкеліктер де бар. Мысалы, Спартада екі патша қатарласа билік құрған. Ал Полибий ежелгі Римдегі қос консулдың билігін монархия деп атаған. Римдегі патшалық дәуір кезінде өздерін монархпыз деп атағандар керісінше, шын мәнінде ондайлық өкілеттіктерге ие болмаған [8,б. 267].

Алайда, ерте замандағылардың басқару тұрпаттарына көңілді баса аударғанына қарамастан бұлар көбінше жетілдірілмеген күйінде қалып келген. Шынында да Аристотель Республика туралы ештеңе жазабаған. Алғашында шын нақты монархтарды халық жиналыстары немесе ақсақалдар жиналыстары едәуір шектеп келген. (Римде сенкат пен куриялар жиналысы). Монархияны әскери, кейініректерде абыздық, сот қызметтерін атқарумен астастыра қарастыратын. Ол кездерде биліктің мұраға қалуы монархияның елеулі атрибуттарына жата қоймаған кезі-тін. Монархтың жеке басының қасиет сипаттары маңыздырақ болып саналатын. Монархия институты жетілгендігімен ерекшеленбеген болатын және де феодализмнің бастапқы кезеңінде ірі жер иеленушілермен байланысты болғандықтан

бытыраңқылықтың немесе әлеуметік өкілдіктер жиналыстарының қаталдығының әжептәуір шектеу ықпалын сезініп отыратын.

Монархияның гүлденген шағы жаңа заман шебінде болды. Нақ осы кезеңде монархияның республикалық басқару тұлғатынан қаншалықты айырмашылықтары бар екендігі көрінді. Олардың ең маңызды деген әрқилы түрлері: абсолютті – шек қойылмаған монархияны және бүкілхалық өкілдері арқылы (парламент) шек қойылған, конституциялық монархия дегендер жасалды.

Әртүрлі болғанына қарамастан басқарудың монархиялық тұлғатының жалпы сипаттары мынадай. Мемлекеттің басында монарх болады, ол сөзінің билігін мұрагерлік бойынша иеленді, жүзеге асырады. Мұнда әрқалай нұсқалардың болып қалуы ықтимал. Монархиялық әулеттің әйтеуір бірі-не ол, не бұл деген біреуі сайлау арқылы бастау алғанда болады. (Бұған Ресейдегі Романовтар үйін жатқызуға болады). Монарх билікті өзінің мұрагерлік құқығы бойынша “қан негізі” қағидасының жөнімен иемдегенді, (әдеттегі өзінің лауазымдық дәрежесінде аталып көрсетілген “құдай-тағаланың шапағатымен” немесе сайланып қойылған жағдайларда - “құдай тағаланың шапағатымен және халықтың қалауымен” деген тәрізді). Бүкіл мемлекеттегі өкілеттік билік толығынан монархтың қолында болады.

Монарх қандай да бір болмасын құқықтың қайнар көзі ретінде білінеді. Тек оның ғана ықтияр білдірумен қандай бір қаулылар болмасын заң күшіне ие бола алады. Монарх атқарушы (орындаушы) биліктің басында отырады. Оның атынан сот әділдігі жүзеге асырылады, кешірім беру құқы тек оған ғана тиесілі болады. Халықаралық тұғырларда басқа мемлекеттермен болатын алым-берім қатынас-байланыстарына монарх жалғыз өзі мемлекет атынан өкілдік ете алады. Ол лауазымдық атақтарды (князь, король, герцог, патша, император, сұлтан) пайдаланады. Мемлекет қазынасының киім-кешек, ақша, басқалай да игіліктерді айтарлықтай мөлшерде алып отырады. Арнайы ерекше күзетпен пайдалануға құқылы болады.

Шектеусіз кеткен, абсолютті монархияда жоғарыда келтірілген құқықтарын монарх сөзсіз және ешбір шектеусіз (атауы да содан шыққан) ешбір бөгде биліктен тәуелсіз пайдаланады. Шектеулі монархияда монарх өз құқықтарын өзіне (монархқа) тәуелсіз қандай бір орган немесе билік арқылы пайдаланады, немесе міндетті түрде оның қолғабыс етіп көмектесумен пайдаланады. Аристотель монархияларды саралауда психологиялық негіздерді басшылыққа ала отырып жасаған. Оның саралауында, егер де монарх көпшілік мүдделерін көздеуден тайып, жеке өз бас пайдасын көздесе, басқаруды зорлық-зомбылық арқылы жүргізсе, монархия “дұрыс” “Әділетті” тұлғаттағы басқарудан “бұрыс” “Әділетсіз”, тирандық һәм деспотиялық басқару тұлғатына ауысады деп көрсетеді.

Мемлекеттің құрылымдық тұлғаты – мемлекеттік биліктің әкімшілік-аумақтық ұйымдастырылуы, мемлекет және оның құрылымдық бөліктерінің, орталық және жергілікті органдар арақатыстылықтарының сипаттары. Мемлекеттің құрылымдық тұлғаты бұқара (көпшілік) билігімен ғана тығыз байланысты емес, одан басқа да маңызды сипаты – халықтың аумақтық ұйымдастыруымен де байланысты. Бір қарағанда өзінің абстрактілі тәрізді екендігіне қарамастан мемлекеттің құрылымдық тұлғаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына ең тікелей түрде ықпалын тигізеді. Дер кезінде және дұрыс шешімін тапқан мемлекеттік құрылым оның өзінің едәуір түрде тұрақты болуын, жемісті қызмет атқаруын бірталай шамада қамтамасыз етеді. Керісінше, мемлекеттің құрылымдық тұлғатын таңдау, іздеп табу кезінде жіберілген, олардың сипаттары мен алдарында тұрған міндеттеріне сай келмейтін жаңылысулар мен қателіктер оның ыдырау себептерінің бірі болып шығуы мүмкін. Мемлекеттік құрылым тұрғысынан қарағанда мемлекеттерді униатрлық (біртұтас мемлекеттік құрылымдар), федерациялар (құқықтық тұрғыдан қарағанда дербестігі салыстырмалы мемлекеттер одағы, одақтас республика, автономиялық республика, кантон, штат, жерлер және

т.б.); конференциялар (мемлекеттік-құқықтық бірлестіктер, тәуелсіз мемлекеттер достастықтары) деп саралайды [9, б.18].

Унитарлық (тұтас, латын тілінде “unus” - “бір”) мемлекет өзінің бөлінбейтін, толық түрдегі саяси тұтастығымен ерекшеленеді. Жекелеген әкімшілік-аумақтық бөліктері немесе облыстары өздеріне ғана тән белгілі ерекшеліктері арқылы айырмаланады да олардың өзінің жеке заңдары мен сот құрылымдары болмайды. Бұл біртұтас мемлекеттің құрамдас бөліктерінің әрқайсысының құқықтары мен мемлекет органдарындағы өкілдіктері бірдей болып келеді. Унитарлық мемлекеттің құндылығы оның қарапайымдылығы, бүкіл жоғары билікті түгелдейінен толық түрде иемденуі болып табылады.

Федерация – біріктірілген, одақтық (латын тіліндегі “fedus” - “одақ” сөзінен) мемлекет. Бұл бірнеше мемлекеттердің бірігіп одаққа мүше болғанын білдіретін күрделі сипатты мемлекет. Бұл мемлекеттік құрылым тұлпатында бүкіл одаққа бірдей, билік пен басқарудың жоғарғы органдары болады, сондай бола тұрсада одақ мүшелері болған әр мемлекеттің өзінің билік пен басқарудағы жоғарғы органдары сақталынады. Одаққа мүше бұл мемлекеттердің өздерінің заңдары, сот және салық жүйелері болуы мүмкін. Түрлі тарихи жағдайлар мен әлеуметтік-саяси себептерінің салдарынан талай мемлекеттер қазіргі заманда федерациялар болып қалыптасып өмір сүріп жатыр.

Конфедерациялар – егеменді мемлекеттердің мемлекеттік-құқықтық бірлестіктері мен одақтары. (латын тіліндегі “confederativ” - “бірлестік” деп алынған сөз) Федерацияға қарағанда конфедерациялар белгілі бір шектеулі мақсаттарды, өлшеулі тарихи кезеңдер аралығында орындау үшін құрылады. Конфедерация құрушы егеменді мемлекеттер халықаралық-құқықтық қатынастардың субъектісі болып қала береді. Олардың өздерінің азаматтығы, билік, басқару, әділет органдарының жүйелері болады. Олар өз биліктерін дербес түрде атқарады, өздеріне тән конституциясын жасап бекітеді. Конфедерация деңгейінде қабылданған актілер конфедерацияға кірген мемлекеттердің ең жоғарғы мемлекеттік билік органдарының мақұлдауын қажет етеді. Конфедерация мүшелерінің өздеріне ғана тиісті дербес табыстық түсім көздері болады. Олардың біразын әлгі мемлекеттер конфедерация бюджетіне аударып отырулары мүмкін. Конфедерацияның әскери күштері осы бірлестікке кіретін мемлекеттер әскерлерінің континенттерінен тұрады.

Бұл әскери күштерге әр мемлекет өз континенттерін ортақ командованиенің қарамағына келісілген шешім бойынша жіберіп отырады. Мемлекет құрылымының қандай бір қиын да күрделі тұлпаттарын мемлекеттердің өзара бірігулері мен бұқара (көпшілік) құқықтары одақтарын құру принциптерінің нағыз ауқымды диапазондарын кәрі тарих талай рет көрген.

Әңгіме біртұтас немесе федеративтік мемлекет туралы болғанның өзінде мемлекеттік құрылым тұлпатының мәселелерінде конституциялық, құрылымдық жақтары ап-айқын көрініп тұрады. Дегенмен, онда конституциялыққа жататын, бірақ “формалды емес” (саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар), қызметтік, саяси режиммен байланысты жақтары да бар.

XX ғасырдың 60-шы жылдарында ғылыми айналымға еніп көріне бастаған “саяси режим” аталымы кейбір ғалымдардың пайымдаулары бойынша өзінің синтетикалық сипатына қарай мемлекет тұлпатының синонимі ретінде қарастырылуы тиіс болатын. Ал басқа бір ғалымдардың пікірінше мемлекеттің өз қызметін атқаруы саясатты емес мемлекеттік режимді сипаттайтын болғандықтан саяси режим аталымы мемлекет тұлпаты құрылым қатарынан тіпті алынып тасталуы тиіс болатын.

Сол кездердегі ғылыми айтыс-тартыстар мемлекеттің саяси режимі аталымын кең және тар мағынада түсінуді ыңғайластырудың тәсіл-амалдарын қарастырып ойластыруға бастау болды.

Саяси режим кең мағынада түсінудің тәсіл-амалдары оны саяси болмыстың құбылыстарымен, тұтасымен алғандағы қоғамның саяси жүйесіне жатқызып келді. Ал, тар мағынада саяси режимді түсіндіру – оны тек мемлекеттік болмыспен, мемлекеттің тікелей өзінің ғана игілігіне жатқызды. Олай болатын себебі былайша түсіндірілетін – ол мемлекет тұрпатының басқа элементтерін – басқару тұрпаты мен мемлекет құрылысы тұрпатын құрайды, сондай-ақ мемлекет өз қызметтерін атқаруда қолданатын тәсілдерін нақтылай түседі.

Жалпы алғанда саяси режим тар және кең мағынада түсінілуі қажет-ақ мәселе. Оны ұғыну – түсіну қазіргі заман талаптарына да сай келеді. Өйткені, саяси үрдістер негізгі екі мемлекеттік және қоғамдық саяси салаларда жүргізіліп жатады [10, б.35-39].

Сонымен бірге керісінше бағыттардағы байланыстар да болады. Өйткені мемлекеттің өзі де әжептәуір шамада “өзі тұрған ортасының” яғни қоғамдық-саяси айналасының әсері мен ықпалын қабылдап отырады. Мұның өзі мемлекет тұрпатын да, анығын да саяси режимді де қамтиды. Сонымен мемлекет тұрпаты тар мағынада сипаттау үшін саяси режимнің маңызы зор, оған мемлекеттік басқарудағы қолданылатын тәсілдер мен амалдардың жиынтығы қажет. Сондай-ақ кең мағынада түсіну үшін (кепіңдендірілудің деңгейі мен шегін білу үшін) демократиялық құқықтар мен жеке адамның саяси еркіндігі, саяси болмысқа конституциялық және құқықтық тұрпаттардың сәйкес болуының дәрежесі және мемлекет пен қоғамдық болмыстағы тіршілікке билік құрылымдарының көзқарас сипаттамаларының жиынтықтары қажет.

Саяси режимдердің қандай түрлері бар? Олар өте көп. Олай болатын себебі қандай да болмасын саяси режимнің түріне: мемлекеттің мәні мен тұрпаты, заңдарының сипаты, мемлекеттік органдардың шын мәніндегі өкілеттіктері мен олардың қызмет атқарудағы заңдық түрлері, қоғамдық саяси күштердің ара салмақтары, өмір сүрудің болмыстық деңгейі мен үлгілері және экономиканың ахуалы, таптық тартыстар мен ынтымақтастықтар сияқты көптеген факторлар өз ықпалдарын тигізіп отырады. Елдің тарихи қалыптасқан үрдістері де саяси режим түрлеріне әжептәуір ықпал етеді. Ал оны кеңейтіңкіреген мәнде қарастыратын болсақ, өзін алғанда кейде мемлекеттегі үстем болып тұрған тілектер мен ұсынстар, бұйрық-нұсқау-болжамдарға кереғар, тіпті қарама-қарсы келіп қалыптасып жататын қоғамдық-саяси “ауандар” “қалыптар” өз ықпалдарын тигізіп жатады. Саяси режимнің қандай түрде болуына халықаралық жағдайлар да өз ықпалын тигізуі мүмкін. Әрқилы тарихи кезеңдерде әрқандай түрлі саяси режимдер қалыптасады. Олар өз кездеріндегі нақты мемлекеттердің өздерінде де біркелкі бола бермейді.

Мемлекеттер дамуының барысында халықтық-демократия, бүкілхалықтық саяси режимдердің, алайда сонымен қатар бір мезгілде авторитарлық, тоталитарлық режимдердің, жұмысшы-шаруа диктатурасы режимінің де орнауы мүмкін екенін социализм елдерінің тәжірибелері көрсетіп берді.

Саяси режимдердің барлығында белгілі сабақтастықтар мен бірсыпыра, принципін айтқанда, өзгермейтін, тұрақты мазмұндық сипаттамалардың болуы, олардың алуан түрінің бәрін екі үлкен – демократиялық және антидемократиялық деген топқа біріктіруге мүмкіндік береді.

Демократия яғни халық билігі, демократиялық саяси режимдердің қайсы бірінің де болмасын өзегін құрайды. Елдегі заң шығарушы билік халық сайлаған алқалы органнан құралған болса, азаматтардың заңмен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтары мол болып, олар адамдардың жынысына, нәсілі мен ұлтына, мүліктік жай-күйіне, білімінің деңгейі мен діни наным-сеніміне қарамастан жүзеге асырылып жатса ғана, ол мемлекет тұрпаты - “демократия” аталыммен көрсетіледі. Демократиялық саяси режим мемлекеттік мәселелерді шешуге халықты тікелей қатыстыру арқылы (мұның өзін тікелей яғни сатысыз демократия дейді) немесе саяси шешімде сайланбалы өкілетті органдар арқылы

атқарылуы да мүмкін (мұны парламенттік яғни өкілдік демократия дейді). Демократиялық саяси режим жария құқықтар мен бостандықтардың кепілдендірілгендіктерін, заңдылық пен құқықтық тәртіптің берік екенін, меншік түрлерінің әрқандай тұрпаттарда болатынын және қоғамда ой-пікірлердің плюрализмінің анық бар екенін білдіреді. Қоғамда көппартиялық молайып, нығайып орнықпайынша, қалың бұқараның әлеуметтік экономикалық ахуалы жақсарып, олардың өмір сүру деңгейі жоғарыламайынша, нақты өмірде орын алып отырған қылмыстарды, әсіресе олардың аса қауіпті ұялы, ұйымдасқан түрлері біржолата ауыздықталмайынша демократиялық саяси режимнің орнығып, нығаюы неғайбіл. Оның бола қоюы мүмкін емес мәселе.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — мемлекетіміздің негізгі заңы. Ол мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін заң жүзінде ресмилендіреді. Ресмилендіруге жататындар — адам мен азаматтың негізгі құқықтары, бостандықтары және міндеттері, мемлекеттің құрылымы және қоғамның экономикалық негізі. Конституция заңдардың, басқа да мемлекет органдары қабылдайтын нормативтік актілердің негізгі көзі. Кез келген заң, Президенттің жарлығы, Үкіметтің қаулысы, министрліктің бұйрығы, жергілікті мемлекет органдарының шешімдері тек қана Конституцияның негізінде, оның қағидалары, ойлары және принциптерімен сәйкес қабылдануы қажет, оларға қайшы келмеуі тиіс. Егер Конституцияның қағидаларына, нормаларына қайшы болса, олар Конституцияға жат деп танылып, күші жойылады. Конституцияның нормаларын, ережелерін мүлтіксіз сақтау талаптары тек қана мемлекет органдарына, лауазым иелеріне емес, сонымен қатар азаматтарға, олардың бірлестіктеріне де қойылады. [11, б.344].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Заңы. «Мәдениет туралы»: 2006 жылғы 15 желтоқсанда, N 207 қабылданған (2020.02.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207>
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. Изд. шестое. – Москва: Советская энциклопедия, 1964. – 900 с.
3. Бердяев Н.А. Философия неравенства. Письма к недругам по социальной философии. – Париж: YMCA-Press, 1990. – 596с.
4. Лукашева Е.А. Право и культура в современном мире // Труды Института государства и права Российской академии наук. – 2012. – № 5. С.26-42. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=22996852>
5. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы: 2014 жылғы 4 қарашада, № 939 бекітілген (2019.10.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31660375#pos=1;-9 (жүгіну күні: 03.11.2018).
6. Ибраев Н.С., Ибраева А.С. Теория государства и права. - Алматы, 1998. – 233 с.
7. Сартаев С.С. Біз конституциялық кеңестікте өмір сүреміз. - Алматы, 2010. – 455 с.
8. Сартаев С.С. Назаркулова Л.Т. Становление Конституции РК. Проблемы теории и практики. - Алматы. 2002. – 267 с.
9. Жоламан К. Мемлекет деген не // Государство и право. – 2000. – №4. – 13 - 18 б.
10. Шайхысламов Ж.Ш. Форма правления как фактор устойчивости развития // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2001. – № 4 (21). – С. 35-39.

11. Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқу құралы, 2-бас. Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 344 с.

Алимжанова А.С. Қайнар Академиясының аға оқытушысы.
Магистрант Аманбаев Алияр Нұрбекұлы
Магистрант Балбаев Адлет Кудайбергенович. «Қайнар» Академиясы

Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың факторы ретінде тұтынушылық несиелендіруді құқықтық реттеуді жетілдіру

Аңдатпа

Мақалада тұтынушылық несиелендіруді құқықтық реттеу мәселелері, олардың Қазақстан Республикасы жастарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына салдары талқыланады, сонымен қатар оларды озық шетелдік тәжірибе ескере отырып, шешудің практикалық шаралары ұсынылады. Тұтынушылық несиелендіруді құқықтық реттеу саласындағы шетелдік тәжірибе зерттелді. Тұтынушылық несиелендіруді құқықтық реттеу саласындағы озық шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, әлсіз жағын қорғау қағидасынан шығу маңызды екендігі негізделді. Қаржылық қызметті тұтынушы мен қаржы ұйымы арасындағы қатынастарда келісімшарттық, ақпараттық және процессуалдық айырмашылықтар бар. Бұл тараптардың нақты теңсіздігіне, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарының әлсіз қорғалуына алып келеді. Жастар әсіресе әлеуметтік-экономикалық салада осал. Мақалада алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасында тұтынушылық несиелеуді одан әрі белсенді жүйелік құқықтық реттеу бойынша бірқатар шаралар ұсынылған.

Түйін сөздер: Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары, тұтынушылық несиелер, қаржылық қызметтер, несиелік келісім

Совершенствование правового регулирования потребительского кредитования как фактора социально-экономической стабильности

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы правового регулирования потребительского кредитования, их последствия для социально-экономического положения молодежи Республики Казахстан, а также предлагаются практические меры по их решению с учетом передового зарубежного опыта. Изучен зарубежный опыт в области правового регулирования потребительского кредитования. В отношениях между потребителем финансовых услуг и финансовым учреждением существуют договорные, информационные и процессуальные различия. Это приводит к реальному неравенству сторон, слабой защите прав потребителей финансовых услуг.

Ключевые слова: Социально-экономическая стабильность, права потребителей финансовых услуг, потребительские кредиты, финансовые услуги, кредитный договор.

Improving the legal regulation of consumer lending as a factor of socio-economic stability

Abstract

Бұл мақала әлеуметтік ғылымдардағы және криминологиядағы негізгі және күрделі мәселелердің бірі болып табылатын себептілік мәселесін зерттеуге арналған. Оның шешімі көбіне ғалымның қандай философиялық көзқарасты ұстануымен анықталады. Сонымен қатар себептілік мәселесі теориялық қана емес, сонымен қатар практикалық, өйткені қылмыс сияқты құбылыстың себептерін және оған ықпал ететін жағдайларды зерттемейінше, қылмыспен ғылыми негізде, біліммен күресу мүмкін емес. бір құқық қорғау жүйесінің күшімен емес, заңның көмегімен емес, қоғам мен мемлекеттің қолындағы экономикалық, әлеуметтік және басқа да тұтқаларды іске қосу.

Түйінді сөздер: себептілік, криминология, қылмыстылық.

Causes of crime and conditions conducive to the occurrence

Abstract

This article is devoted to the study of the problem of causality, which is one of the key and difficult problems in the social sciences and, of course, in criminology. Its solution is largely

determined by what philosophical views the scientist professes. At the same time, the problem of causality is not only theoretical, but also practical, because without studying the causes of such a phenomenon as crime and the conditions that contribute to it, it is impossible to fight crime on a scientific basis, with knowledge of the matter, and not by the forces of one law enforcement system. and with the help of the law, but setting in motion the economic, social and other levers that society and the state have at their disposal.

Key words: causality, criminology, crime.

Вторая составная часть науки криминологии – причины преступности и условия, ей способствующие. Проблема причинности – одна из ключевых и трудных проблем в общественных науках и, конечно, в криминологии. Ее решение во многом определяется тем, какие философские взгляды исповедует ученый. В то же время проблема причинности – не только теоретическая, но и практическая, ибо без изучения причин такого явления, как преступность, и условий, ему способствующих, нельзя на научной основе, со знанием дела вести борьбу с преступностью, причем не силами одной правоохранительной системы и с помощью закона, но приводя в движение экономические, социальные и иные рычаги, которыми общество и государство располагают.

Материалистическая наука определяет причинную связь между явлениями как объективную связь между двумя явлениями, одно из которых (причина) при наличии определенных условий производит, порождает другое (следствие) [1, 197 с.]. Материалистическое и идеалистическое понимание причинности существенно различны. Это следует иметь в виду, изучая категорию причинности и осмысливая ее применительно к реалиям жизни. Коренное различие состоит в том, что материалистическое понимание причинности связано с основным положением, согласно которому источником нашего познания причинных связей являются объективные закономерности природы (и общества); идеалистическое – с утверждением, что этот источник есть свойство ума человека, присущая ему способность познавать известные априорные истины.

Есть ученые, считающие, что утверждения о причинной связи условны, субъективны. В криминологии эта позиция наиболее четко выражена американским ученым Т. Селлином, который пишет, что “наука отказалась от концепции причинности и обращается к ней только для обозначения функционального взаимоотношения между определенными элементами или фактами” [2, 27 с.].

Нельзя, конечно, отрицать тот факт, что в обществе (а значит, в общественных науках) установление причинных связей бывает значительно более трудным делом, чем в природе. Однако развитие криминологии и внедрение ее рекомендаций в практику с достаточной убедительностью показало реальность установления и причинных связей в проблеме преступности и условий, способствующих совершению преступлений. Практические правоохранительные органы научились выявлять эти условия и причины преступлений, а наука вооружила их методикой этой работы. Законодатель закрепил обязанность правоохранительных органов выявлять причины и условия совершения преступлений и принимать (в пределах своих возможностей и компетенции) меры к их предупреждению.

Авторы Курса криминологии пишут, что причинность – разновидность, одна из форм детерминации, под которой понимается любая закономерная зависимость между различными процессами и явлениями... Категория причинности, рассматриваемая в широком смысле слова, включает следующие понятия: причина, условие, следствие (результат), связь между причиной и следствием (условием и причиной, условием и следствием), обратная связь между следствием и причинами (условиями) [3, 200 с.].

Обобщая все сложности, связанные с установлением причинной связи между явлениями, можно сказать, что данная связь – не что иное, как форма взаимодействия явлений. В учебниках по криминологии в основном проблема причинности дается в общей форме. Изучающий криминологию должен самостоятельно разобраться в этой проблеме, прежде всего, прочитав философскую и социологическую литературу, поскольку, как наука

общетеоретическая, криминология опирается на достижения как общественных, так и в необходимых случаях естественных наук, и собственного определения причинности не имеет.

В криминологической науке дискуссионен вопрос о классификации причин преступности. Прежде всего из-за сложности самого явления, его взаимосвязей и взаимозависимостей как “внутри” самого явления, так и во вне – с другими явлениями. При этом далеко не всегда путем применения общих для явления закономерностей и причинных связей можно объяснить сугубо конкретные проявления преступности. Эта трудность, в числе прочего, породила, как уже было сказано, отказ некоторых ученых даже от поисков причин преступности. Именно учитывая такую сложность, советский законодатель указал на необходимость установления по уголовным делам *причин и условий* преступности, тем самым придав в руки практики *простейшую классификацию*.

Одним из первых (после восстановления криминологии в своих правах) проф. М.Д. Шаргородский писал: “Причинами преступности в широком смысле этого слова можно считать все те обстоятельства, без которых она не могла бы возникнуть и не может существовать. Но не все эти обстоятельства играют одинаковую роль. Одни из них создают лишь реальную возможность преступных мотивов, а другие превращают эту возможность в действительность. Поэтому первые следует рассматривать как условия, а вторые как *причины...* Причинами **преступности** являются, как и вообще причиной, те активные силы, которые своим действием порождают ее существование. Причины **конкретного преступления** – это, таким образом, те активные силы, которые вызывают у субъектов интересы и мотивы для его совершения” [4, 200 с.].

Советские ученые выдвигали и идею о классификации причин преступности на объективные и субъективные (А.А. Герцензон, АС. Шляпочников).

Ряд ученых в основу классификации положили философское понятие о полной причине как совокупности всех обстоятельств, вызывающих наступление следствия, и причине специфической, т. е. конкретных обстоятельствах, которые ведут к следствию (Н.Ф. Кузнецова). Данный вид классификации, хотя и распространен в философии, однако слишком абстрактен. В нем смешиваются причины главные и второстепенные, причины первого и второго порядка, а также условия, способствующие совершению преступлений. Так или иначе, но внутри полной (как и специфической) причины необходимо произвести внутреннюю дополнительную классификацию, если иметь в виду в дальнейшем разработку практических рекомендаций.

Западные ученые, разрабатывая проблему причин преступности, создали так называемую “теорию факторов” как явлений, порождающих преступность. Начался подсчет этих факторов. Они оказались и несопоставимыми по своей важности, силе влияния, в том числе на преступность, и столь многочисленными, что разные исследователи запутались в их числе и многообразии. Причем каждый считал по-своему. Среди отечественных криминологов тоже нашлись ее сторонники, насчитавшие 200–240 факторов, которыми вызывается преступность.

Говоря об этой разновидности теории о причинах преступности, следует сказать, что она добросовестно перечисляет все то, что, по мнению ее создателей, влияет на преступность, но при этом теряет определение того, на что же следует обратить внимание в первую очередь (и почему?), а на что во вторую (и почему?); какие преступления требуют наличия 240 факторов, а какие – 20? Не случайно подавляющее большинство западных криминологов, едва эта теория появилась, отвергли ее, а знаменитый американский криминолог Э. Сатерленд назвал теорию факторов каталогом несопоставимых ценностей.

Отечественные криминологи классифицировали также причины преступности на: а) причины преступности как социального явления в целом, где и нашли место влиянию общих социальных и иных закономерностей на нее; б) причины отдельных видов преступности; в) причины конкретного преступления, что позволяет определять столь же конкретные и реально исполнимые меры предупреждения; г) условия, способствующие совершению преступлений, которые сами не вызывают намерения совершить преступления, но без наличия этих условий преступление было бы совершить трудно и даже невозможно.

Данная классификация открывает простор и для широких теоретических исследований,

и для разработки конкретных мер борьбы с преступностью на практике.

Таким образом, при всей теоретической сложности проблемы причин преступности и разнообразия мнений о ней она в то же время близка к практике и необходима ей.

Список использованной литературы:

1. Курс криминологии. Предмет. Методология. Преступность и ее причины. Преступник / Дашков Г.В., Долгова А.И., Карпец И.И., Кудрявцев В.Н., и др.; Под ред.: Карпец И.И., Коробейников Б.В., Кудрявцев В.Н. - М.: Юрид. лит., 2005. - 416 с.
2. Гилинский Я. Г 47 Девиантология: социология преступности, наркотизма, проституции, самоубийств и других «отклонений». – СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2004. – 520 с.
3. Ещанов А.Ш. Криминология (Общая часть: учебное пособие. Астана: Институт законодательства РК, 2008. – 202 с.
4. Шаргородский М.Д. Преступность, ее причины и условия в социалистическом обществе. – Преступность и ее предупреждение. –Л., 1966. – С.30.

*Кожамсеитов Ербол Бауыржанұлы
Магистрант Академия Кайнар*

Жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың әрекеттері

Аңдатпа

Бұл мақалада мақсаты болып бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін зардаптың сипаты мен мөлшеріне байланысты қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тұрғыда зерттеу жүргізу болып табылады. Қылмыстық заңнамадағы қылмыс зардаптарына қатысты ұғымдарды біріздендіру мен бірінғай саралауды қамтамасыз ету және бөтеннің мүлкін жымқыру қылмыстарынан келетін зардаптардың мөлшерін, құнын анықтау мен осындай қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар әзірлеуді де көздейді.

Түйін сөздер: Жымқыру, құқық бұзушылық, меншікке қарсы күрес

Действия по предупреждению уголовных преступлений, связанных с хищением

Аннотация

В данной статье цель данной статьи - провести уголовно-правовое и уголовное расследование характера и масштабов ущерба, причиненного контрабандой имущества другого лица. Он также предусматривает унификацию и недвусмысленное толкование последствий преступления в уголовном законодательстве и разработку рекомендаций по определению количества, стоимости последствий преступлений, совершенных другими лицами, и повышению эффективности таких уголовных преступлений.

Ключевые слова: Хищение, преступление, борьба с собственностью.

Actions to prevent criminal offenses related to theft

Abstract

The purpose of this article is to conduct a criminal-legal and criminological study of the nature and amount of damage caused by embezzlement of someone else's property. It is also intended to

unify and differentiate the concepts related to the consequences of crime in the criminal legislation, and to develop proposals related to the determination of the amount and value of the consequences of the crime of embezzlement and to increase the effectiveness of the prevention of such criminal offenses.

Key words: Theft, crime, fight against property.

Қылмыстылықты әлеуметтік жағымсыз құбылыс ретінде түсіну оның басты бағыты ретінде оны туындататын себептерге ықпал ету түрінде алдын алу қажетсінеді. Қылмыстылықтың, соның ішінде меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың сандық және сапалық көрсеткіштерінің сипаттамалары мұндай қылмыстылықтың алдын алу мәселелерінде жаңаша бағыттар іздестіруді қажетсініп отыр. Соның ішінде соңғы уақыттары меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көрініс беруіне қоғамның төзбеушілігінің өскені байқалады. Азаматтық қоғам институттары мен жұртшылық меншікті қорғау бойынша қызметке барған сайын көптеп тартылуда. Қылмыстылықпен күрескеннен көрі олардың алдын алу мен күрес шараларының тиімділігін арттыру жемісті болатындығын күн өткен сайын дәлелдеуде.

Меншікке қарсы күреске жалпы мемлекет болып жұмылдырылып, ұйымдастырушылық және құқықтық жұмыс жүйелі әрі кешенді сипат алып келеді. Әрине қазіргі жағдайда құқық қорғау органдары тек қана тіркелген қылмыстылықты назарға алып, тек сол бөлігінен ғана қоғамға келген зардаптармен күресті жүзеге асырады деп айтуға болады. Бұл әрине қылмыс жасаған адамдардың қылмыстық құқықтың «жазадан құтылмайтындық» қағидасын жүзеге асыру бағытындағы құқық қорғау органдарының жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Яғни қылмыстылықтың алдын алу құқыққорғау органдарының басты функциясы жүзеге асырады.

Құқыққорғау қызметінің алдын алу бағытындағы жұмысының маңыздылығын А.Ю. Шумилов «іс-әрекетті қылмысты деп саралау арқылы біз құқыққорғау жүйесі белгілі бір деңгейде «жұмыс істемеді», қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасауға жол берді» Елеулі саяси, экономикалық және әлеуметтік зардаптарға әкеп соғатын ең қауіпті құбылыстың бірі бола отырып, қылмыстылық серпіні Қазақстанда бәсеңдеуге айналғанымен, меншікке қарсы қылмыстар саны әлі күнге азаймай келеді, оның санын азайту тетіктері қаншама ғылыми негізделген методикалар болғанымен мүмкін болмай тұр. Шешілмеген проблемалардың қатарында бөтеннің мүлкін жымқырудан келетін зардаптарды жою немесе алдын алу тетіктерін табу да бар.

Криминология бастапқыда қылмыстылықтың алдын алу жөніндегі ғылым ретінде пайда болып дамыды. Қылмыстылықты зерттеу, қылмыскер тұлғасын зерттеу мен өзге де осы сипаттағы мәселелерді зерттеу қылмыстылықтың алдын алу шараларының алғышарты [151, с. 5].

Қылмыстылыққа қарсы бағытталған шаралар кешенін ұқсас семантикалық мағынасы бар, бірақ құқықтық мазмұны әр түрлі терминдермен атайды: «қылмыстылықпен күрес», «алдын алу», «профилактика». Яғни, терминнің нақты анықтамасы қылмыстылықпен күрестегі мәселелерді шешудегі нақтылық шарттары.

Соңғы жылдары «қылмыстылықпен күрес» термині кең қолданылып келеді. Қылмыстылықпен күрес термині бұрынғы Коммунистік партияның съездерінде де қылмыстылықты тамырымен жоюға байланысты мәселелерді қойып, ол туралы бағдарламалар қабылданған кезде де айтылған. Бірақ, әлеуметтік қоғамдағы қылмыстылықпен күрес ол бастан ақ сәтсіздікке ұшыраған, себебі, «социализм дамыған» елде қылмыстылық бар болғаны «әлеуметтік-құқықтық тарихи өтпелі кезең» деп тұжырымдалған.

Кеңес заңгерлері «социалистік қоғамда» қылмыстылықтың негізгі түп себептері жойылып, кінәлінің жауапқа тартылуы қағидалары мен қылмыстылықпен күрестің нақты алдын алу шаралары құрылған дегенді тұжырымдайды. Кеңес қоғамындағы қылмыстылықтың болуы олардық сол кездегі бастан кешкендерімен, сондай-ақ практикалық жұмыс жетіспеушілігімен де тығыз байланысты.

В.В. Лунеев айтқандай қоғам қылмыстылықты түп тамырымен алып тастай алмайды [152].

«Қылмыстылықпен күрес», «алдын алу», «қылмыстылық профилактикасы» деген терминдерді айтқанда ең алдымен нені ойлау керектігі туралы криминологтар түрлі пікірлерін айтқан.

А.И. Долгова қылмыстылықпен күрес әлеуметтік басқарудың бір саласы ретінде көрініс табады, яғни қылмыстылықты тудыратын себептер мен шарттарға әсер етеді деп айтқан. Қылмыстылықпен күрес сондай-ақ қылмыс жасаған тұлғаларға әсер етуді, жалпы қылмыстылыққа, оның детерминацияларына, соның ішінде қылмыстылықты жоюға бағытталған құқық қорғау органдарының қызметтеріне, кінәлілерді жауапқа тартуға бағытталған.

С.Я. Лебедев «қылмыстылықпен күрес» терминінің орнына «қылмыстылықты әлеуметтік-құқықтық бақылау» терминін қолдануды ұсынады, себебі, оның криминологиялық аспектілері дәл осы алдын алушылық бақылауда көрініс табады дегенді алға тартады. Лебедев С.Я. «Обычай, традиции, преступность: теория, история, опыт криминологического анализа».

«Заң энциклопедиясында» қылмыстылықпен күреске «қылмыстылықтың алдын алуда, ашуда, кінәлелерді жауапқа тартуда, оларды түзетуде, қайта тәрбиелеуде т.б.шаралар бойынша құқықтық институттар байланысының жүйесі» деген түсінік берілген.

Қазіргі кездегі қылмыстылықпен күресте криминологтардың пікірі бойынша негізгі үш бағытты айтуға болады:

Жалпы күресті ұйымдастыру, қылмыстылықтың алдын алу, құқық қорғау органдарының қызметі.

Біздің көзқарасымыз бойынша «қылмыстылықпен күрес» термині тікелей криминологиялық болып табылады, сондықтан да оның сұрақтары тікелей криминологтармен шешіледі.

Криминологияның пәнін құрайтын мәселелердің қатарында қылмыстылықты зерттеу ғана емес, оның алдын алу мәселелері де бар деп қараймыз.

Қылмыстылықтың салдарымен күресуден гөрі себебімен күресу әлдеқайда тиімді. Қылмыстылықтың алдын алу құлашты кеңге сермейтін ауқымы кең шаралардың кешені. Ол тікелей қылмыстылықты ауыздықтауға бағытталған әрекеттерді де, тіпті, онымен жанама қатысты құбылыстарға да бағытталған шараларды қамтиды.

Қылмыстылықпен күреске, бәрінен бұрын, сол қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуына мүмкіндік тудыратын себептер мен жағдайларды жою арқылы кейбір адамдардың қылмыс жасау пиғылын іске асырмау жатады. Қылмыстылықпен күрес пен алдын алу шаралары әлсіреген жағдайда елдегі қылмыстылықтың өршуі байқалады. Және керісінше қылмыстылықпен күресті күшейту олардың санының азаюына әкеп соқтырады. Мәселен, Қазақстан Республикасының 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша мемлекеттік Бағдарламасында соңғы уақыттары мемлекеттік деңгейде сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресті күшейту мен жалпы халықтың сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілігі мен арнайы мемлекеттік органның құрылуы аталған қылмыстылықтың деңгейін төмендетуге мүмкіндік жасағанын айтады.

Әлемдік деңгейдегі теоретик Фрэнсис Фукуяма (АҚШ) өзінің соңғы жұмыстарының бірі «Сильное государство» атты еңбегінде «...әлемдік саясатта 30 жылдам астам уақыттан бері

мемлекеттілікті әлсірету тенденциясы басым болып тұр. Мемлекеттердің шексіз тәуелсіздігі мен өзге елдерден оқшау өмір сүруге талпынысы мемлекет жұмысының тиімділігінің төмендеуіне, елдегі араздыққа әкеп соқтырады» [153, с. 13]. Оны Қырғызстан елінің тәжірибесінен де көріп отырғандаймыз. Елдегі ауызбірліктің болмауы ел экономикасын тұралатып тұр. Сол сияқты Түркіменстан сияқты әлемдегі газ отынының қоры бойынша 7 орынға ие мемлекет шекарасының қарым-қатынастарға «жабық есік» күйінде болуы экономикалық жағынан дамуды тежеп отыр. Ресейдің бір ғана «Газпром» компаниясы ел экономикасына жылына 250 млрд. доллар құйып отырғанын ескерсек, Түркіменстан Республикасы сыртқы саудада өз орнын таппай отырғандығы мемлекеттің материалдық жағдайына қаншалықты дәрежеде кері ықпал ететінін есептей беріңіз. Алайда, кейбір мемлекеттер осындай саясатты қолдана отырып өз тәуелсіздігін нығайтуға сенімді.

Кезінде «О преступлениях и наказаниях» еңбегінде Чезаре Бекария: «Жазалағаннан қылмыстың алдын алған жөн» деген еді. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» түсінігі негізінен, қылмыстылықпен күрестің криминологиялық теориясына сүйеніп қалыптасқан.

Г.А. Аванесовтың пікірінше, «қылмыстың алдын алу» түсінігі «қылмыстылықты жоюдың объективтік және субъективтік мүмкіндіктерінің тарихи қалыптасқан жүйесін, сондай-ақ осы құбылысты, оны туындататын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жиынтығын» білдіреді.

Қылмыстылықтың алдын алу дегеніміз қылмыстылықты тудыратын құбылыстарды азайтатын, шектейтін, жоятын қоғамдық процесс.

Қылмыстың алдын алу мақсатында ықпал жасалынатын объект «өте күрделі құбылыс», оған жеке адам, адамдар тобы, оларды қоршаған орта (оның ішінде тікелей қоршаған орта) және әр түрлі «заттар» факторлар, себептер мен жағдайлар, мән-жайлар, т.б. жатады.

Алдын алу объектілері жайында сөз қозғағанда, тіптен, нақты кәсіпорын, аудан, қала, қандай да бір аймақ жайында айтуға болады.

Қылмыстылықтың алдын алу сөзбе сөз алғанда адамдарды, мемлекетті, қоғамды қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғаштау [154, с. 30].

Қылмыстылықтың алдын алу бұл мемлекет пен қоғамның қылмыстылықты әлеуметтік төзімділік деңгейінде оны тудыратын себептерді жою мен жоққа шығару арқылы қылмыстылыққа қарсы бағытталған қызметі.

Қылмыстылықтың алдын алуға анықтама берсек, ол қылмыстылықтың себептерін және оған мүмкіндік тудыратын жағдайларды анықтау және жою мақсатында мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың жүргізетін, өзара байланыстағы әр түрлі шараларының жиынтығы.

Қылмыстылықтың алдын алу бұл мемлекеттік органдар және қоғамдық бірлестіктердің қылмыстылықтың себептері мен жағдайларын бейтараптандыру немесе жою, анықтау және құқықбұзушылық жасауға бейім тұлғаларды жағымды әсер ету бойынша жекелеген азаматтардың әлеуметтік- құқықтық қызметі.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ескерту қылмыстылықпен күрестегі негізгі бағыт болып табылады. Қалай дегенде, бұл қызмет ресурстық, бірінші кезекте, жоғары деңгейдегі кәсіби мамандармен, материалдық және қаржылық құралдармен, арнайы техникамен, әлеуметтік-құқықтық қорғаумен қамтамасыз етуді талап етеді. Алдын алу жұмыстарының ең негізгі кемшілігі көп жағдайда оның формализмі болып табылады. Қағаз жүзінде бәрі де ойдағыдай болғанмен, шын мәніндегі қылмыстылық жөніндегі картина басқаша болуы мүмкін.

Қылмыстылықтың алдын алу бүкіл қоғам болып және мемлекеттік органдармен қылмыстылықтың алдын алу мақсатында жүргізілетін өзара бір бірімен байланысты шаралардың жиынтығы.

Қылмыстылықтың алдын алу – жүйені құрайды, бұл жүйеде профилактиканың объектісі, негізгі деңгейлері мен нысандары, күрес жүргізетін субъектілер бар.

Қылмыстылықтың алдын алу объектілеріне қылмыстылықтың жай-күйі мен динамикасына әсер ететін экономикалық, әлеуметтік, саяси сипаттағы факторлар, құқық нормасына сай келуі тиіс адамдардың қызметі, қылмыскердің жеке басын сипаттайтын қасиеттер кіреді.

Қылмыстылықтың алдын алу шаралары мынадай негіздер бойынша топтастырылады:

- алдын алу қызметінің әлеуметтік деңгейі;
- көлемі (жаппай қамтылуы), аумақтық көлемі;
- алдын алу объектісіне әсер ету кезеңдері;
- бағыты, әсер етудің түрі (мазмұны);
- қолданатын субъект бойынша.

Алдын алу шаралары көлемі (жаппай қамтылуы) бойынша: жалпы, арнаулы және жеке болып бөлінеді.

Жалпы алдын алу шаралары қылмыстылықтың не оның жекелеген түрлерінің себептері мен жағдайларын анықтауға, жоюға, әлсіретуге, бейтараптандыруға бағытталған. Олар әсер ету объектісінің (жағдайлар не тұлғалар) анықталмаған тобына жеке бағытталған. Мысалы, қаржы жүйесінің тұрақтылығы, нарықты дамыту мен бекітуге, экономикалық қатынастарды толықтай жүзеге асыруна көмектеседі.

Бұл шаралардың әсер ету механизмі барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлері үшін бірдей, ол кейде өзінің тиімділігін бермей жатады.

Экономиканы дамытуға, азаматтардың материалдық және мәдени деңгейін көтеруге бағытталған экономикалық, саяси, ұйымдық сипаттағы барлық шаралар жүйесі жалпы шараларға жатады. Қоғамды позитивтік тұрғыда дамыту, өмірдің барлық салаларын жетілдіру мен тұрақтандыру қылмыстылықтан қоғамды сауықтыруға ықпал етеді.

В.Н. Кудрявцевтің пікірінше, «ірі әлеуметтік шараларды мемлекет көлемінде жүзеге асыру жалпы сақтандырудың ең жоғарғы деңгейі болып табылады».

Қылмыстылықтың алдын алудың жалпы шараларына біздің республикамыздағы барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жатады.

А.Х. Миндагуловтың пайымдауынша: алдын алудың жалпы шараларының негізгі мақсат-тұрмысы нашар адамдарды әлеуметтік жағынан қорғау (әсіресе, баға жіберілген және нарықтық қатынас орнай бастаған кезде), халықтың табысын индексациялау, салық салу саясатын дұрыс жүргізу, халықтың еңбекпен айналысуын және оның тұрмыстық ахуалын бақылау, жұмыссыздарды еңбекке орналастыру, қоғамдық қатынастарды жетілдіру, адамдардың рухани байлығын молайту, мәдениетін, санасын көтеру, т.б. болып табылады [155, с. 34].

Ұрлау, тонау, қарақшылық, алаяқтық сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептерін жоюға тікелей бағытталған шараларды арнайы қарастыру керек. Оларға ең алдымен ұйымдастырушылық және техникалық сипаттағы шараларды жатқызуға болады:

- меншік иелерін өздерінің меншік құқықтары мен мүдделерін заңға қайшы емес тәсілдермен қолсұғушылықтардан қорғауды жүзеге асыру;
- олар көпқабатты үйлердің кіреберістерін, жертөлелерін, шатырларын техникалық қамсыздандырылған диспетчерлік қызметпен қамтамасыз ету;
- пәтерлерді күзет дабылдарымен қамсыздандыру, есіктер мен есіктің жақтауларын күшейту, темір есіктер салдыру, домофондық жүйедегі есіктерді орнату;
- шағын аудандардағы криминогендік жағдайды ескеріп, патрульдік-посттық қызметті күшейту;

- қылмыскерлерді анықтау мен дер кезінде ұстауды жүзеге асыру үшін ауладағы тұрғындардың қырағылығын арттырып, ынталандыру жұмыстарын әрдайым жалғастыру;
- мас адамдарды қылмыс құрбанына немесе қылмыскерге айналмауы үшін көшеден тез арада алып кету;
- тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- автокөліктерді аулаларда қараусыз қалдырмай, ақылы түрдегі автотұрақтарға қою;
- көше, аулалар мен ғимараттарды жарықтандыру мен бейнебақылау жүйесін орнату;
- елеулі емес ұсақ құқық бұзушылықтарға дер кезінде қарсы қимыл жасау және т.б.;
- заң бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік базасын нығайту (әлеуметтік-экономикалық шаралар арқылы көп балалы отбасыларын, зейнеткерлерді, халықтың нашар тұратын тобын мемлекет тарапынан қорғауды қамтамасыз ету; ең аз табысты анықтау және тұтыну мөлшерін ауық-ауық қайта қарастыру; ата-анасының қамқорынсыз қалған және жетім балалар үшін, қарт адамдар үшін мектеп жасына дейінгі балалар үйлерін, басқа да мекемелер жүйесін кеңейту; өнегелік тәрбиені, заңға баулуды жақсарту).

Бұл жалпы шаралар белгілі бір дәрежеде жалпы қылмыстылықтың деңгейін ұстап тұруға көмектеседі. Дегенмен әрбір қылмыстар тобы үшін осы шаралармен қатар арнайы шаралар да болады.

Қылмыстылықтың алдын алудың арнаулы шаралары белгілі бір тектік белгілері бойынша ерекшеленетін адамдар не жағдайлар тобының шеңберінде жүзеге асырылады, мысалы: есірткі заттарын пайдалану, жезөкшелікпен айналысу, қаңғыбастық және т.б. байланысты қылмыс жасауға бейім тұлғаларға қатысты; пайдақорлық қылмыс жасауға итермелейтін: мысалы, тұрғын үй не кеңсе ғимараттары үшін қауіпсіздік стандарттарының болмауымен; құжаттарды, ақшаларды, тауар-материалдық құндылықтарды есепке алу мен сақтау ережелерінің бұзылуымен байланысты жағдайларға қатысты.

Арнайы алдын алу жалпы алдын алуды толықтырады, нақтылайды. Арнайы алдын алу белгілі бір салаға арнайыланған, мақсатты. Тіпті белгілі бір уақыттық немесе кеңістіктік шекарасы бар.

Мәселен, оқудан тыс уақытта балалардың бос уақытын ұйымдастыру, аз қамтылған отбасыларды қолдау т.б. Арнайы алдын алу шаралары әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Мазмұнына қарай (экономикалық, саяси, мәдени-тәрбиелік, құқықтық және т.б.), әрекет ету ауқымына қарай (жалпымемлекеттік, регионалдық және т.б.), қолданылу уақытына қарай (ерте және тікелей), радикалдық дәрежесіне қарай (криминогендік құбылыстардың туындауының алдын алушы және жоятын немесе минимизациялайтын), құқықтық сипатына қарай (жалпы құқық нормасымен реттелген және арнайы заң нормасымен (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық, еңбек, іс жүргізушілік және өзге де құқық салаларының нормаларымен) реттелген (әкімшілік қадағалау) арнайы алдын алу деп бөлінеді. Жіктеудің басқа негіздері де бар, алайда криминология ғылымында осы жіктеулер негізгі болып танылады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың арнайы алдын алу шаралары мынадай:

- қылмыстық топтар қызметін уақытылы тоқтату; меншікке қарсы қылмыстар арасында топ болып қылмыс істеу фактілерінің деңгейі жоғары. Дегенмен көп жағдайда жауапкершілікке топ мүшелерінің біреуі ғана тартылып жатады. Мәселен, автобуста жолаушылардың заттарын ұрлау көбінесе екі-немесе үш адамның қатысуымен орын алады;

- құқық қорғау органдары мен лауазымды тұлғалармен қаруды заңсыз сақтау, дайындау фактілерінің жолын кесу мен қаруды алып қоюды жүргізу; бұл бағытта елімізде қаруды легализациялау немесе тіркеу 2008 жылы жүргізілді, жұмыс әлі де жалғасып келеді. Нәтижесінде қару қолданып қылмыс жасау фактілерінің саны азайды;

– пайдакүнемдік және пайдакүнемдік-зорлық қылмыстарын істеуге бейім психикалық ауытқулары бар адамдарды есепке қою мен оларды емдеу; Адам бойындағы психофизиологиялық процесстер мінез-құлықтың себептері болады және құқыққа қайшы реакциялардың негізін құрайды. Психикалық аномалиялар тек қана қасақана емес, абайсыздықпен істелетін қылмыстарға әсер етеді;

– белгілі бір аумақта, қаңғыбастардың, нашақорлардың, маскүнемдердің қылмыскер-гастролерлардың жүретін жерлерін, ұрланған мүлікті өткізетін (ломбардтар мен комиссиялық дүкендер, антиквариаттар алатын жерлер) жерлерді анықтау; маргиналдық топтарды үнемі бақылауда ұстау мен ұрланған мүлікті өткізу орындарын жүйелі тексеріп отыру қылмыстылықтың калдын алуға септігін тигізеді. Қылмыскер-гастролерлар қылмыстылығы – көші-қон процесінің есебінен қала халқының көбеюі, жаңа құрылыстарға бару, ары-бері ретсіз көшіп-қону жұмыс орнының жетіспеуіне, пәтер-үй тапшылығына, басқа да қиындықтарға әкеп соғады, ол өз кезегінде әлеуметтік шиеленіске ұшыратады, пайдақорлық-зорлық қылмыстарының көбеюіне себеп болады;

– қалта ұрлығы, пәтер ұрлығы, көше ұрлығы, автокөлік пен оның бөлшектерін ұрлауға қатысты жедел топтар мен арнайы қызметтерді ұйымдастыру (соңғы уақыттары біздегі универсалдық, соның ішінде атты және велосипедті полиция қызметкелерін де тәжірибеге енгізілуін айта аламыз); Нәтижесінде қылмыс оқиғаларының алдын алуға тек қана ішкі істер органдарының қызметкерлері, соның ішінде учаскелік полицейлер ғана емес, бұрынғы патрульдік-жол қызметкерлері де тартылып, ішкі істер органдарының полицейлері ретінде бірігіп қоғамдық құқықбұзушылықтармен күрес пен алдын алу шараларын нығайтудың құралы болды;

– қылмыстың алдын алудағы тиімді шаралардың біріполиция мен халық жасақшыларының күзетін жақсы ұйымдастыру. Олар жаңа құрылыс жүргізіліп жатқан жерлерге, қараңғы көшелерге, теміржол бойындағы жалғызаяқ жолдарға, қылмыс жасауға қолайлы басқа да жерлерге баса назар аударулары керек;

– бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдардың бос уақытын ұйымдастыру мен жұмысқа орналастыру, қоршаған ортаға бейімдеу жұмыстарын жүйелі әрі кешенді түрде жүргізу; Қоғамдағы үлкен мәселелердің қатарында тек қана қылмыскерлерді жазаға тартып, жазасын өтеумен ғана шектелмейді, жазасын өтеп шыққан адамдардың қоршаған ортаға тез бейімделуі, қоғамның толыққанды мүшесі болуы үшін жұмыстар жүргізу де шешімін табуы тиіс. Әсіресе жазасын өтеп шыққандарды жұмыспен қамсыздандыру бұл шешімнің түйінін шешуге көмектеседі. Біздің елімізде бүгінгі күні күрделі күйінде қалып келеді. Әйтпесе елдегі рецидивистер санын азайту түйінді мәселе болып қала береді;

– пайдақорлық-зорлық қылмыстарының алдын-алудың бір амалы – рецидивтік қылмыстылықпен күресті ұдайы жүргізу, бас бостандығынан айыру орындарынан босанып келген адамдарға әкімшілік жолмен қадағалау туралы Ережені бұлжытпай орындау.

Пайдакүнемдік қылмыс жасаған адамдар жайында өкілетті органдар олардың жұмыс орнына және оқитын жеріне хабарлауы тиіс. Колониялардағы жұмыс сотталған адам түзелетіндей нәтиже беруге тиіс [156, с. 24].

И. Шмаров ойынша: қылмыс қайталануының алдын алу процесіне кедергі келтіретін көптеген себептердің бірі қоғамға көндігу, тұрмыс және жұмысқа орналасу мәселелері. Жазасын өтеп шыққан адамдардың әрбір үшінші-төртіншісі туысқандармен байланысын үзген, жұмысқа орналасуға, материалдық және дәрігерлік көмекке мұқтаждық көрген [157, с. 24].

Сотталғанның орнығуына және оны бақылауға алуда отбасының рөлі зор. Ұзақ уақыт сыртта болғандықтан олар отбасынан, үйінен қол үзіп қалады, дейді И.И. Карпец, бірақ бұл пікірмен келісуге болмайды.

Э.Х. Нарбутаев жүргізілген зерттеулерге қарағанда, үкім заңды күшіне енген кезден бастап сотталған адам жазасын өтеп шыққанға дейінгі аралықта олардың 35% (көбісі жергілікті ұлт өкілдері емес) отбасын жоғалтқан, ал босанып шыққаннан кейін 73% өздерінің туыстарымен қарым-қатынасты үзген және бұрын өздерінің туыстарымен бірге тұрған салтбасты адамдардың соншасы да өз байланыстарын үзген [158, с. 24].

Ю. Блувштейн мен К. Лапинскастың пікірінше, бас бостандығынан айыру орындарынан босанып шыққан адамдардың қалыпты өмір жолына түсуі мына үш факторға байланысты: а) түзету мекемесіндегі тәрбиенің нәтижелілігіне; б) босанғаннан кейінгі әлеуметтік бақылаудың деңгейіне, в) босанғаннан кейін қандай ортаға келіп түскеніне [159, с. 32-44].

– меншікке қарсы қылмыс жасаудың тәсілдері мен жолдарын тұрғындар арасында түсіндіріп, қандай жағдайлардан сақтандыру керектігін айтып ақпараттық жұмыстар жүргізу; Мәселен, автокөліктерді ақылы немесе ақысыз тұрақтарға түнгі мезгілде қою арқылы автокөлік қылмыстарының ұрлануының алдын алуға болады. Немесе өз иелігіндегі мүлікті бөтенге сеніп тапсырмай өз иелігінен шығармау арқылы ҚР қолданыстағы ҚК 189-бабында көзделген қылмыстың орын алуына жол бермейді;

– тәрбиелік шараларды ұйымдастыру. қылмыс жасауы мүмкін тұлғаларға (жұмыссыздар мен оқу оқымайтын) және психикасы тұрақтанбаған деп есептелетін кәмелетке толмағандарға болашақта қылмыс істеп қылмыскер атанбауы үшін қандай әрекеттерден бойын алшақ ұстау керектігін түсіндіріп тәрбиелік шараларды ұйымдастырып отыру;

– заңда көзделген жағдайларда әкімшілік қадағалау жүргізу. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жартысынан астамы түнгі уақыттарда, 25-30 пайызы жұмыс уақытында істелетіндіктен, әкімшілік уақыт белгілеу арқылы қылмыстық құқық бұзушылықтардың істелуінің санын біршама азайтуға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар әкімшілік қадағалау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет.

Әкімшіліктік қадағалауға алынуы тиісті адамдардың барлығының бірдей есепке алынып тіркелмеуі, ал есепке алынып, тіркелген адамдарға тиісті бақылаудың ұдайы жасалынбауы.

Жазасын өтеп келген адамдардың 12% – әкімшіліктік қадағалау бір ай ішінде, 55% – екінші айда, 20% – үшінші, 12% – төртінші, бесінші, алтыншы айларда, 1% – алты айдан кейін белгіленген.

Бөтеннің мүлкін жымқырудың алдын алудың арнайы шараларымен қатар жеке алдын алу шаралары да өз тиімділігін береді.

Жеке алдын алу шаралары жекелеген тұлғаларға қатысты жалпы әлеуметтік және арнайы алдын алу шараларының нақтылануын көрсетеді. Ол төмендегілерге бағытталған:

– нақты жеке тұлғаның қоғамға қайшы бағыты мен қоғамдық қауіпті мінез-құлықтың қалыптасуына әкелетін жағымсыз әсер етулерді жоюға;

– қылмыстық жолға әкелетін әлеуметтік жағымсыз мінез-құлықты өзгерту, және жеке тұлғаның бағыты мен қасиеттерін түзетуге;

– дайындалып жатқан қылмыстарды алдын алу бойынша кейінге қалдыруға болмайтын шараларды қолдану, оны жасау әрекеттерін болдырмау.

Пайдакүнемдік немесе пайдакүнемдік-зорлық қылмыстарының жекелеген түрлерінің алдын алудың жеке шаралары қылмыстық құқық бұзушылықтардың ұрлық, тонау, алаяқтық, қарақшылық, қорқытып алушылық секілді түрлерінің алдын алуға тікелей бағытталған шараларды білдіреді.

Пайдакүнемдік қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты жеке сипаттағы алдын алу шараларына мыналар жатады:

– қоғамның және шаруашылық пен экономикалық қызметтің криминализациялануын жоққа шығаратын экономикалық және құқықтық жағдайлар жасау;

– өндірістік және қаржылық институттарды криминалдық құрылымдардың басып алуы;

– қаржылық және шаруашылық мәселелер бойынша экономикалық қауіпсіздік тұрғысында сараптама жүргізу;

– осы мақсатта заңнамаларды да құқықтық, антикоррупциялық және криминологиялық сараптамалардан өткізу.

Ресейлік криминолог Миньковский Г.М. жалпы, арнаулы және жеке алдын алу криминогендік детерминанттардың пайда болу кезеңдеріне жеке тұлғаның дамуы және алдын алу жұмысының басталуына байланысты объектіге әсер етудің жеті кезеңін атап өткен:

– криминогендік жағдайларды анықтау мен жоюдан тұратын әлеуметтік қорғау түріндегі ерте алдын алу;

– әлеуметтік қорғау мен әсер ету түріндегі ерте алдын алу, егер өмірдегі жағымсыз жағдайлардың кері әсері нақты тұлғалар мен топтардың бұрмаланып әлеуметтік жағымсыз мінез-құлыққа әкелген болса;

– тікелей алдын алу, егер адамдардың (топтардың) әлеуметтік жағымсыз мінез-құлығы жүйелі түрде құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға айналса;

– қылмыс жасаудың тікелей қауіптілігінің алдын алу;

– қылмыс жасауға дайындалу не дайындалу кезеңінде жолын кесу, басталған қылмыстың жалғасу немесе аяғына дейін жеткізуі, сондай-ақ қылмыстық қызметке одан әрі жағдай жасауды болдырмауға бағытталған шараларды қамтиды;

– жасалған қылмыстар фактілері бойынша алдын алудың іс жүргізушілік шаралары, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық сақтандыру мақсатын жүзеге асыру шаралары.

Жазаны өтеу және оны өтеп шыққаннан кейінгі қайта әлеуметтену кезеңінде қылмыс рецидивтің алдын алу, пенитенциарлық және постпенитенциарлық сипаттағы жағымсыз жағдайларды жою және бейтараптандыруды қамтиды.

Пайдақорлық қылмыстылығының алдын алудың стратегиясы жалпы қылмыстық пайдақорлық қылмыстылықтың себептілік кешенін құрайтын құбылыстарды локализациялаудан тұрады.

Жоғарыда көрсетілген көлеміне қарай бөлінген жалпы, арнайы және жеке алдын алу шараларының нақты сипатына қарай алдын алу шараларын төрт топқа бөлуімізге болады. Олар: ұйымдастырушылық, техникалық, арнаулы, әлеуметтік шаралар болып бөлінеді.

Қылмыстылықтың алдын-алудың ұйымдастырушылық шараларының қатарына:

– пайдақорлық қылмыстылығының деңгейі, құрылымы, динамикасы туралы мәліметтерді зерттеу және талдау;

– криминологиялық бағдарлама;

– жекелеген аумақтар мен объектілерді алдын ала тексеру сияқты шаралар жатады.

Мысалы 2015 жылы жасалынған «ұрлық» бойынша – 18,5%, «ұсақ-түйек жымқыру» бойынша 25,2%, «сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» бойынша – 7,4%, «алаяқтық» бойынша – 15,6%, «тонау» бойынша – 20,6%, «қарақшылық» бойынша – 23,7%, «ерекше құнды заттарды жымқыруға салу» бойынша – 28,5% әйелдер жасаған. Ал 2015 жылы жасалған меншікке қарсы барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жәбірленушілерінің ішінде әйелдердің үлесі – 51% [6].

Яғни осындай жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін шараларда әйелдердің үлесін, оладың құқық бұзушылық түріне икемділігін, оларға әсер ету методикасын, олардың әлеуметтік мәселелерін терең зерттеген жөн.

Техникалық шараларға келетін болсақ, оған біріншіден тұрғын үй жайларға, зат сақтайтын қоймаларға, кіреберістеге, техникалық құралдардың көмегімен бақылау ұйымдастыруды жүзеге асыру қажет. Бұған қоса автокөліктерге сигнализациялар орнату сияқты шаралар қарастырылуы керек.

2015 жылғы мәлеметтер бойынша жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар, оның ішінде «ұрлық» – 16,1%, «ұсақ-түйек жымқыру» – 11,2%, «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» – 4,1%, «алаяқтықтың» – 4%, «тонаудың» – 57,5%, «қарақшылықтың» – 22,7% көше, скверлерде жасалынған. Ал, 34,5% «ұрлық», 28% «ұсақ-түйек жымқыру», 9,7% «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 6,5% «алаяқтық», 74% «тонау», 41,4% «қарақшылық» – қоғамдық орындарда жасалынған [6].

Сондықтан, осы орындарда азаматтардың бет келбеті арқылы олардың жеке тұлғасын дереу анықтап беретін сапалы биометриялық бейне камералардың, дыбыс құралдарының орнатылуы, қоғамдық орындардағы қауіпсіздік қызметтерінің заман талаптарына сай жасақталуы жымқырудың алдын-алуға үлкен әсер ететіні сөзсіз деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, осы шараға шағын аудандардың криминологиялық ерекшелігіне орай құқық қорғау органдарынан барлаушылық қызметін ұйымдастыруды жатқызуды болады:

- көшеде ішімдік ішіп жүрген мас азаматтарды уақытында алып кету қажет, себебі олардың қылмыскер не жәбірленуші болуға мүмкіндігі жоғары;

- көше, аула және ғимараттар жарықтандырылуы тиіс;

- ұсақ құқық бұзушылыққа дереу назар аударып, оны құқық қорғау органдары тарапынан жоюға бағытталуы керек;

- қаңғыбастар, нашақорлар жинақталуға лайық орындарды жиі тексеріп рейдтер жүргізілуінің ұйымдастырылуын қарастыру қажет;

- адамдардың сана сезімін жақсылыққа бағыттау жолында бас бостандығынан айыру орнынан келген тұлғаларды жұмысқа орналастырып, заңда көзделген ретте әкімшілік қадағалау жүргізілуі тиіс.

Арнаулы шараларға төмендегілер жатады:

- қоғам мен барлық шаруашылық және қаржылық қызмет салаларының криминализациялануын жоятын экономикалық және құқықтық жағдайларды жасау;

- экономикалық қауіпсіздік жағынан қарағанда қаржылық және шаруашылық мәселелер бойынша қабылданатын шешімдерді саралау;

- ерекше құндылығы бар заттарды ұрлаудың барлық түрлерін алдын алу бойынша жедел-ізвестіру шараларының кешенін жүргізу;

- «Заңдағы ұрылардың» қызметін, қылмыстық топтардың көшбасшылары мен белсенді қатысушыларын анықтау мен жолын кесу бойынша операциялар өткізу арқылы ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы тұру;

- ұйымдасқан қылмыстық топтардың және мұнай, газ, сирек кездесетін не түсті металдарды өндіру мен қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорындардағы сыбайлас лауазымды тұлғалардың криминогендік қызметтеріне қарсы тұратын шараларды дайындау.

2015 жылы жасалынған жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың, оның ішінде «ұрлық» – 57, «ұсақ-түйек жымқыру» – 15, «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» – 236, «алаяқтық» – 215, «тонау» – 15, «қарақшылық» – 2 мемлекеттік қызметкерлер жасаған [6]. Сондықтан осы жымқырумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін, ең алдымен мемлекеттік қызметкерлерді жұмысқа алу барысында оларды дұрыс тексеру (арнайы органдармен, өтірік айту детекторымен, психологиялық анкеталарымен т.б.). Сонымен қызметкерлердің материалдық жауапкершілігін күшейту және оны қадағалау немесе тіркеу бойынша бухгалтерлік қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру. Сонымен қатар, болашақта мемлекеттік қызметке орналасу құқығын шектеу қажет деп ойлаймыз.

Оған қоса 2015 жымқырумен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауда Республикамыздың құқық қорғау органдары, сот және басқа да билік өкілдері тыс қалмаған.

Мысалы: ПМ қызметкерлері 92 жымқыру жасаған (13 ұрлық, 5 сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 68 алаяқтық, 5 тонау, 1 қарақшылық), ҰҚК қызметкерлері 9 жымқыру (5 сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 4 алаяқтық), Кеден қызметкерлері 1 жымқыру (алаяқтық), Қылмыстық атқару жүйесі органдарының қызметкерлері 6 жымқыру (1 сеніп тапсырған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, 5 алаяқтық), Судья 1 жымқыру (алаяқтық), әкімдер 1 жымқыру (алаяқтық), сот орындаушылары 1 жымқыру (алаяқтық), салық органдарының қызметкері 1 жымқыру (алаяқтық), ПМ Ұлттық Гвардиясында қызмететушілермен 8 жымқыру (1 сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін иеленіп алу немесе талан-таражға салу, 5 алаяқтық, 2 тонау), ҰҚК Шекара қызметкерлерімен 7 жымқыру жасалған (4 сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін иеленіп алу немесе талан-таражға салу, 3 алаяқтық) [6].

Жеке секторға тоқталсақ, 2015 жылы жеке кәсіпкерлермен «ұрлық» - 64, «ұсақ-түйек жымқыру» – 7, «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» - 33, «алаяқтық» – 143, «тонау» – 7, «қарақшылық» – 1 жасалынған [6]. Бұл жерде саны жанынан көп, мысалы «алаяқтық» жасаған жеке кәсіпкерлерге де қатысты, қосымша жаза түрінде болашақ жеке кәсіпкер статусын алу құқығынан айыру тиімді деп санаймыз.

Оқу орындарындағы жасалынатын жымқыруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтайтын болсақ, 2015 жылы жоғары оқу орындарында – 131 «ұрлық», 23 – «ұсақ-түйек жымқыру», 1 – «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 19 – «алаяқтық», 24 – «тонау», 7 – «қарақшылық» жасалынған.

2015 жылы колледждерде 576 – «ұрлық», 55 – «ұсақ-түйек жымқыру», 2 – «сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу», 44 – «алаяқтық», 252 – «тонау», 19 – «қарақшылық» жасалынған.

2015 жылы мектеп оқушылары 678 – «ұрлық», 21 – «ұсақ-түйек жымқыру», 21 – «алаяқтықтың», 124 – «тонау», 8 – «қарақшылық» жасаған [6].

Бұл көрсеткіштер оқу орындарындағы ең алдымен жастардың тәрбие мәселесін оналтуды талап етеді, яғни заман талабына сай тәсілдер арқылы құқық бұзушылықты жасаудың қатерін, жаңа нысандағы жастар клубын құрылуын, оқытушылар мен тәрбиешілердің жүйелі тәлімдемеден өтуін ұйымдастыру, ата-аналар жиналысының жиі өткізілуін қамтамасыз ету, білім беру барсындағы талаптарды күшейту, жастардың өзін-өзі жетілдіру курстарын ашу, отансүйгіштік, қайырымдылық қасиеттерін жетілдіру. Спорттық үйірмелерді ашып, жастарға салауатты өмір салтын насихаттау. Сонымен қатар оқу орындарындағы бейне бақылау т.б. қауіпсіздік қызметтерін дұрыс ұйымдастыру.

Әлеуметтік шаралар:

– құқық қорғау органдарының қызметі, халықтың өзін-өзі қорғауы туралы құқықтық насихат жүргізу;

– жетімдер үйі мен әлеуметтік-оңалту мекемелерінің материалдық базасын, көп балалы және аз қамтылған отбасылардың тұрғын үй және тұрмыстық жағдайын жақсарту бойынша шараларды жасау;

– жасөспірімдер мен жастардың, үйсіздер мен жұмыссыздардың, қашқындар мен амалсыз орын тепкендер, қаңғыбастар, бұрын сотталған және тұрақты табысы жоқ өзге де тұлғалардың әлеуметтік қорғалуы мен жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету шараларын әзірлеу мен жүзеге асыру;

– қаңғыбастықтар мен қайыршылықпен айналысатындарды оңалтатын орталықтарды құру;

белгілі бір тұрғылықты жері мен жұмыссыз қалған тұлғаларға әлеуметтік көмек көрсететін мекемелер жүйесін дамыту шараларын жүзеге асыру және т.б.

Мысалы 2015 жылы «ұрлық» – 34262, «ұсақ-түйек жымқыру» – 6446, «сеніп тапсырылған

бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» – 859, «алаяқтық» – 6492, «тонау» – 4800, «қарақшылық» – 692 жасаған адам – жұмыссыздар [6]. Яғни, бір аймақтағы немесе мемлекеттегі жұмыссыздық мәселесін шешу жоғарыда көрсетілген жымқырумен байланысты қылымыстық құқық бұзушылықтардың, әсіресе ұрлықтың алдын алуға және оның санын азайтуға үлкен әсер ететінін мойындау керек.

Шынымен де, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар арасында жұмыссыздық факторы қылмыстық құқық бұзушылық істеудің басты себебінің бірі болуы мүмкін. Өйткені адам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бөтеннің мүлкін жымқыруы, жасырын немесе ашық түрде ұрлауы әбден мүмкін.

Оны Оңтүстік Корея елінің қылмыстылық бойынша мәліметтері беріп отыр. Ол елде мемлекет тарапынан азаматтарын қолдау нәтижесінде халықтың 90 пайызы жұмыспен қамтылған, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үлес салмағы жалпы қылмыстылық ішінде бар болғаны 35 пайызды құрап отыр [160, с. 8]. Сонымен қатар, «Жұмыссыздар мен тұрақты түрде табысы жоқ адамдар арасындағы қылмыстылықтың заманауи тенденцияларын анықтағанда олардың қылмыстылығының пайдакүнемдік-күштеу сипатын айту қажет. Бірінші орынға ұрлық, тонау, алаяқтық, қорқытып алушылық, бандитизм, кісі өлтіру мен есірткі заттары мен қарудың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар шығады» деп көрсетеді И.А. Неупокоева [161, с. 85].

АҚШ ғалымдары R.W. Gillespie, R.B. Freeman, S.K. Long және A.D. White өздерінің зерттеу жұмыстарында жұмыссыздық пен меншікке қарсы қылмыстылықтың ара-қатынасын терең зерттеп, олардың ара-қатынасының тығыздығына көздерін жеткізбеді.

АҚШ-тың басқа криминологтары Э. Аллан және Д. Стеффенсмейер бұл байланысты қылмыскердің жасы, меншікке қарсы қылмыстың түрі және жұмыссыздық деңгейінің көрсеткішіне сәйкес қарстыру керек деп тұжырымдайды. Бұл көзқарасты 14-17 жастағы жұмыссыз азаматтар ғана меншікке қарсы қылмыс жасауға талпыныста болады, ал 18-24 жастағы азаматтардың меншікке қарсы қылмыс жасауы жұмыссыздықпен байланысты емес деп S. Baron, T. Hartnagel, C. Britt қолдайды. Ал, G. LaFree: тек жұмыссыздық ақ нәсілді азаматтардың қылмысқа баруына тән, қара нәсілділердің қылмыс жасауы жұмыссыздықпен байланысты емес дейді. Д. Кантора мен К. Ланда керісінше жұмыссыздық меншікке қарсы қылмыстардың азайуына әсер етеді. Жұмыссыз азаматтың ұзақ уақыт үйінде отыруы қылмыскерлердің оның меншігіне қарсы қылмыс жасау қаупін төмендетеді, сонымен қатар жұмыссыздық өндіріс пен тұтынушылықтың тоқтауына әкеліп, мүліктің құны жойылып, қылмыскерлерді аз қызықтырады деп ойын түйіндейді [162].

Жанжалдарды шешудің балама формалары да бар: омбудсмен (құқық қорғаушы) және дауды отставкадағы судьялардың көмегімен шешу [3]. Жанжалдарды шешудің ең нәтижелі түрі - келіссөздерді қолдану. Келіссөздердің әртүрлі әдістері бар, олардың арасында Фишер мен Юрий бастаған Гарвард ғалымдарының тобы жасаған принципті келіссөздер әдісі ерекшеленеді. Ол «мәселелерді олардың сапалық қасиеттері негізінде, яғни мәселенің мәні негізінде шешуден тұрады, және тараптардың әрқайсысы не істей алатындығы немесе болмайтындығы туралы келісіп қана қоймай, бұл әдіс мүмкіндігінше өзара пайда табуға ұмтылуды қамтамасыз етеді, ал сіздің мүдделеріңіз сәйкес келмесе, сіз тараптардың әрқайсысының таңдауына қарамастан, кейбір әділ нормалармен дәлелденетін нәтижеге жетуіңіз керек». Барлық келіссөздер жақсы дайындалуы керек, себебі қақтығыс неғұрлым қиын болса, ойластырылған келіссөздерді ұйымдастыру сәтсіз шешілуі мүмкін. Келіссөздер процесі әдетте ынтымақтастық процесін талқылаудан басталады. Содан кейін тараптар бір-бірінің тіркелген деректерін тексеруі керек. Келіссөздер стилі жанжалдың шиеленісін, оның түрін, тараптардың күштерінің тепе-теңдігін, олардың мақсаттарын ескере отырып таңдалады. Ол жағдайларға байланысты келіссөздер процесі өзгеруі мүмкін және қатал, жұмсақ, коммерциялық немесе бірлескен болуы мүмкін [9]. Арбитраждың екі түрі бар: 1) міндетті шешімі бар және төрелік. Қарсыласушы тараптар тәуелсіз адамды немесе тәуелсіз тұлғаларды таңдайды, жабық қарсыласу процесі істі тыңдап, түпкілікті және міндетті шешім қабылдайды. Бұл процесс сот процесі сияқты ресми болмауы мүмкін. Тараптардың өздері рәсімді анықтай алады және кез-келген ресми ережелер қолданылатын-қолданылмайтынын шешеді. Егер аралық сот талқылауы алаяқтықсыз немесе басқа ақаусыз жүргізілсе, міндетті күші бар шешімдер сот арқылы сот арқылы шығарылуы керек және шағымдануға жатпайды. 2) қосымша шешімі бар және арбитраж. Процесс тараптар үшін міндетті шешім қабылдаумен аралық сот ісін жүргізу сияқты жүреді, бірақ тәуелсіз тараптың шешімі тек кеңес беру сипатында болады. Тараптар консультативтік шешімді келіспеушіліктерді келіссөздер немесе басқа тәсілдер арқылы шешудің құралы ретінде пайдалануға алдын ала келісе алады [9]. Әр мемлекет қақтығыстарды азайтуға және мінез-құлықтың заңдылығын арттыруға бағытталған шаралар қабылдауы керек. Құқық қорғау, құқық қолдану және құқық қолдану процестерін қиындататын факторларды жою арқылы қақтығыс әлеуетінің өсуін тоқтатуға болады.

Профилактикалық жұмыста тұрақтылықты реттейтін факторлар маңызды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары: заңның рөлін арттыру, заң шығарудағы қоғамдық мүдделерді ескеру, заң шығару процесінде консенсус қағидасына қол жеткізу [10]. Сіз тек қақтығыстарды біліп қана қоймай, оларды басқара білуіңіз керек. Құқықтық және конфликтологиялық білім қайшылықты заңды әрекетті жақсы түсінуге, қиын жағдайда дұрыс шешім табуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Исакова Т. В. Теоретические исследования понятия конфликта интересов в праве//Право. Общество. Государство. 2016. № 11. С. 3–7.
2. Кибанов А. Я., Ворожейкин И. Е., Захаров Д. К., Коновалова В. Г., Конфликтология (учебник) 2009. С. 288.
3. Худойкина Т. В. Применение посредничества как примирительной процедуры при разрешении правовых споров и конфликтов в России. — Социально-политические науки. 2012. № 4. 67–70.
4. Власов Г. Б. Юридическая конфликтология (учебное пособие). 2016. С. 35.
5. Брыжинская Г. В., Палаткина А. С. Влияние психологических факторов личности на возникновение и развитие юридических конфликтов // Социсфера. 2015. № 4. С. 60–62.
6. Борисов Н. А., Брыжинская Г. В. Психология участников правового конфликта // Евразийский научный журнал. 2015. № 6. С.154–156.
7. Брыжинский А. А., Худойкина Т. В. Общие задачи совершенствования негосударственного урегулирования конфликтов в Российской Федерации // Вестник Мордовского университета. 2006. Т. 16. № 1. С. 181–186.
8. Брыжинская Г. В., Палаткина А. С. Влияние психологических факторов личности на возникновение и развитие юридических конфликтов // Социосфера. 2015. № 4. С. 60–62.
9. Кузьмина М. Н. Юридический конфликт: теория и практика разрешения. 2008. С.24–25,
10. Васягина М. М., Захряпин А. В. Факторы предупреждения юридического конфликта // исторические, философские, политические и юридические науки, культурологии и искусствоведение. Вопросы теории и практики. 2015. № 2–2 (52). С. 51–54.

Қалиев Асылбек Серікұлы,

Қайнар Академиясының І-курс магистранты, Алматы қаласы.

Мусабекова Индира Темирбековна, Қайнар Академиясы, «Құқықтық пәндер» кафедрасының доценті, заң ғылымының кандидаты, Алматы қаласы.

Еуразиялық экономикалық кеден одағының құқықтық қалыптасу аспектілері

Аңдатпа

Еуразиялық идеясынан бастап Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы мен қызмет етуіне дейін еуразиялық интеграциялық құрылымның қалыптасу мен құрылу тарихи аспектілері мақалада ашылады. Автормен еуразиялық кеңістікте интеграциялық үдерісінің дамудағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Еуразиялық экономикалық одақтың маңызын ескеруімен еуразиялық интеграциялық құрылымның құқықтық және институционалдық негіздерін талдау талпынысы қолданылды.

Түйінді сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ; ЕАЭО Кедендік одақ; Біріңғай экономикалық кеңестік; Еуразиялық экономикалық комиссия; ЕАЭО Кедендік одақ комиссиясы; ЕурАзЭО; еуразиялық интеграция; еуразиялық идея.

Правовые аспекты создания Евразийского Экономического Союза

Аннотация

В статье раскрываются исторические аспекты становления и создания евразийского интеграционного образования - от евразийской идеи до создания и функционирования Евразийского экономического союза. Автором предпринята попытка проанализировать правовые и институциональные основы создания и функционирования евразийской интеграции, с учетом значения Содружества Независимых Государств и Евразийского экономического сообщества в развитии интеграционных процессов на евразийском пространстве.

Ключевые слова: Евразийский экономический союз; Таможенный союз ЕАЭС; Единое экономическое пространство; Евразийская экономическая комиссия; Комиссия Таможенного союза ЕАЭС; ЕврАзЭС; евразийская интеграция; евразийская идея.

Legal aspects of the creation of the Eurasian Economic Union

Abstract

The article reveals the historical aspects of the formation and creation of the Eurasian integration education - from the Eurasian idea to the creation and functioning of the Eurasian Economic Union. The author attempts to analyze the legal and institutional framework for the establishment and functioning of the Eurasian integration, taking into account the importance of the Commonwealth of Independent States and the Eurasian Economic Community in the development of integration processes in the Eurasian space.

Keywords: Eurasian Economic Union; the EAEU Customs Union; the Common Economic Space; the Eurasian Economic Commission; the Commission of the EAEU Customs Union, the EurAsEC, the Eurasian integration Eurasian idea.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін ала отыра өзінің алға ұстанған бағыттарын анықтап халықаралық ұйымдар субъектілерінің қатарларын толықтыра білді. Сонымен қатар қазіргі таңда Қазақстан Республикасы осы халықаралық ұйымдарға мүше болып қана қоймай осындай халықаралық ұйымдардың құрылуына да мұрындық болып, олардың жүзеге асуына атсалысып отыр. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде 170 миллионнан астам адамнан тұратын ірі аймақтық нарықты құруда екендігіне тоқталды [1].

Е.Қ. Мырзатаев әлемнің жаһандану үдерісінде Еуразиялық тұтастықтың қажеттігін, осы кеңістікте интеграциялық үрдістердің өмірлік маңыздылығын деп көрсетеді [2]. Ортақ кедендік аумағымен ерекшеленетін Еуразиялық экономикалық одақ құрудың негізгі Қазақстан тарапынан орын алғандығы және оның Кеңестік одақтың таралуына байланысты жаңа сауда саттық жолын қарастыру бағытындағы іс шара екендігі белгілі. Осы идеяның Қазақстан Республикасы тарапынан 1994 жылы қозғалғанымен алайда арада қаншама жылдар өткеннен соң ғана осы Еуразиялық экономикалық одақтың дүниеге келуі арасында қаншама құқықтық, ұйымдастырушылық мәселелер талқыланып пысықталған болатын. Осылардың негізгісі құқықтық мәселелерді реттеу болатын. Себебі қандайда бір қоғамдық қатынастар

құқықтық реттелуі заңдылық. Осыған байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты құқықтық актілердің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің барлығын қанағаттандыра бермейтіндігі түсінікті мәселе. Өйткені кімде болса қандайда бір іс-әрекеттердің нәтижесі өздеріне пайдалы болғанын қарастырады.

К.А. Беқяшев пен Е.Г. Моисеев 2003 жылдың 23 ақпанында Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Украина Республикасының президенттері жаңа экономикалық интеграция кезеңі мен бірыңғай экономикалық аймақ құру үшін қажетті шаралар бойынша келіссөздерді бастауға байланысты сұрақтар қарастырылғанына тоқталады [3, 260 б.]. К.А. Беқяшев пен Е.Г. Моисеевтердің пікірлеріне сүйенер болсақ Еуразиялық экономикалық одаққа Украина Республикасының да қосылу ойының болғандығы белгілі болды. Осыған байланысты нәліктен Украина Республикасы кедендік одақ құруға басында келісе отырып Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болмағандығы сұрақ ретінде қалады. Осыдан Украина Республикасының Еуразиялық кедендік одаққа мүше болмауы кедендік реттелуге қатысты құқықтық актілердің себебінен деуге негіз бар.

А.В. Зубая, А.В. Граве, И.А. Рожина, Р.В. Терентьевтер Еуразиялық экономикалық аймақтың құрылуы жөніндегі барлық пакет құжаттарға 2010 жылдың желтоқсанында қол қойылып, тараптармен ратификацияланғандығы мен 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгендігі көрсетеді [4, 40 б.]. Сонда Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясының 1994 жылы бастау алып, оның құқықтық тұрғыда бекітілуі А.В. Зубая, А.В. Граве, И.А. Рожина, Р.В. Терентьевтердің айтулары бойынша 2010 жылғы келіп отыр. Алайда олардың пікірлеріне сай Еуразиялық экономикалық аймақты құрудағы құқықтық мәселелердің 2010 жылы қабылданғаны мен оның нақты жүзеге асырылуы 2012 жылға дейін созылғанын қарастырады. Осыдан біз Еуразиялық экономикалық аймақтың құрылуында қарастырылатын сұрақтардың көптігі мен оларды шешудегі біржақты көз қарастардың болмауы Еуразиялық экономикалық аумақ қрудың тым көпке созылуын байқаймыз. Әрине әрбір мемлекет өз мүдделерін қорғауға міндетті болып табылады осыған байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болғысы келетін мемлекеттер өздеріне тиімділігін басты назарға алулары заңдылық. Осыған байланысты Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде қабылданатын халықаралық шарттар мен құқықтық актілерді қабылдауда оның мақсаты мен мағынасына қаты назар аудару қажет ақ.

О.Ю. Бакаева Кеден одағына қатысты біраз мәселелерді талқылай келе Кеден одағын құру және оның жұмыс жасаудағы мақсаты мен міндеттері сапалы заң шығарушылық пен қарқынды құқық қолдану жолымен шешілуі мүмкіндігін көрсетеді [5, 25 б.]. О.Ю. Бакаеваның ортаға салған пікіріне назар аудара отырып, және оның пікіріне қолдау көрсете келе Кеден одағын құруда бірінші кезекте Кеден счалапсындағы қоғамдық қарым қатынастарды реттейтін құқықтық актілердің сапалы және нәтижелі болуы тиіс. Сондықтан еуразиялық экономикалық одақты құру процесі кезінің тым ұзаққа созылуы кезінде осы құқықтық актілердің қандай да бір одаққа мүше субъектінің мүддесін қорғау бағытының болуы да мүмкін. Осыған орай қазіргі кезде Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты құқықтық актілерді реттілігі мен бағыныштылығын зерттеу қажеттігі туындап отыр. Еуразиялық экономикалық одаққа Қазақстан бастамашы болып қана қоймай оған мүшелікке бірінші болып кіргендігі белгілі. Осыған байланысты Қазақстан мемлекеті осы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болатын елдер арасында қабылданатын халықаралық шарттар мен осының аясында қабылданатын құқықтық актілерге даяр болды ма деген сұрақ туындайды.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер болып алғашқыда Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы қосылған болатын. Еуразиялық экономикалық одақтың мақсаттарының бірі ретінде осы еуразиялық

экономикалық одаққа мүше елдерді тарту және оның аумағын кеңейту болып танылатын. Осыған байланысты бірқатар жұмыстар да атқарылып Тәуелсіздік мемлекеттер достастығына кіретін мемлекеттер арасында осы ұйымға кіруге ынталыларды анықтау шаралары жүзеге асырылды. Соның әсерінен 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарт жобасына қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметімен қаулы қабылданды [6]. Еуразиялық экономикалық одақты құрудың бірінші мақсаты әрине тұтынушылардың көбейуі мен тауар айналымы аумағының өсуі болғандықтан Еуразиялық экономикалық аумаққа кіретін елдердің санын арттыру басты мақсат ретінде қалып отырды. Осыған байланысты алға қадамдар ретінде көршілес елдерді Еуразиялық экономикалық одаққа тарту болғандықтан осы еуразиялық экономикалық одаққа мүше болғысы келетін елдерге тиімді ұсынстар жасау және олардың қойып отырған талаптарына мән бере отырып қабылдау қажеттігі туындады. Әрине бұл өз кезегінде өз мүдделерінің шектелуіне алып келетіндігі ақиқат болғандығымен оған бару үлкен тәуекел ретінде қалды. Осы жерде туындайтын басты мәселе бастағы Еуразиялық экономикалық одақ құрадағы басты мақсат Еуразиялық экономикалық одақты құру емес Қазақстан еліне тиімді жақтарды атап айтқанда Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсарту мен экономикалық жағдайын көркейту жақтарын қарастыру керек болатын.

Осы құжаттағы қарастырылғандарға шолу жасай отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болудағы негізгі мақсаттарға келесілердің жататындығын аңғаруға болады:

- одаққа мүше мемлекетер халықтарының әл-ауқатын жақсарту;
- одаққа мүше мемлекеттердің неғұрлым тығыз интеграциясын дамыту;
- одаққа мүше мемлекеттер экономикасының жақындай түсу;
- еуразиялық интеграциялық процесті дамыту.

Армения Республикасының Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартына қосылуы туралы Қазақстан Республикасымен 2014 жылдың желтоқсан айының 24 жұлдызында «2014 жылғы 29 мамырдағы еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шартты ратификациялау туралы» заң қабылданды [7]. Осы заңның негізінде Армения Республикасы Қазақстан республикасы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше ретінде танылған болып отыр.

Еуразиялық экономикалық одақ жұмысының нәтижесі ретінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы өтінішін де атап өткен жөн. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартты, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы, содай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдану жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы заңына сай Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше ретінде тартылды [8]. Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып қосылуы Еуразиялық экономикалық одақтың тағы бір жеңісі ретінде қарастырылуға жатады. Себебі Еуразиялық экономикалық одақтың мақсаты да осы өз мүшелерінің санын арттыра отырып тұтынушыларды көбейту. Осы жағдайда жаңа келісім

шарттар жасалып, Еуразиялық экономикалық одақты да реттейтін актілердің өзгерулеріне алып келді. Бұл дегеніміз Қырғыз Республикасының одаққа мүше болуы туралы ұсыныстарына келіскені жөнінде мүше елдердің тиісті заңнамаларды қабылдауына алып келеді дегенді білдіреді. Қырғыз Республикасын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше ретінде қабылдай отырып оның аумағының кеңейгені мен халқының саны арқандығын көрсетеді. Өз кезегінде бұл алға ұстанған қағидаттардан туындап отыр десек болады.

Қырғыз Республикасының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болуы өз кезегінде Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы халықтар санын тағы да артып оның саны 182 065 203 құраса. Қазіргі таңда яғни 2021 жылы Еуразиялық экономикалық одақ халқының саны артып, 183 952 788 құрап отыр [9].

2009 жылдан бері Қазақстанның Еуразиялық экономикалық кеңістік және Кеден одағы әріптестерімен тауар айналымы 88 пайызға артып, 24,2 миллиард долларға жетті. Біздің Ресей мен Беларуське экспортымыз 63 пайызға өсті, оның ішінде өңделген тауарларды шығару 2 есеге ұлғайғандығына тоқталған болатын [10]. Себебі қазіргі таңдағы ахуалды ескере отырып Қазақстан үшін Еуразиялық экономикалық одақтың берерінен алары мол ма деген де пікірлер қоғамда қалыптасқандығын ескерген жөн.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында өзі төрағалық жасап бес елдің мүддесін ескере отырып, бірыңғай әрі тұтас экономикалық саясатты қалыптастырудың көп еңбекті талап ететін күрделі жұмыс екенін атап өтті [11, 2 б.]. Біз Қ. Тоқаевтың атап өткенінен қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одақ шартына қосылған мемлекеттердің мүдделері толығымен ескерілген және бірыңғай және бір тұтас экономикалық саясаттың орныққанын айтуға келмейді. Осыдан біз Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты заңнамалардың әлі де толық және жан-жақты еместігін көрсетеді. Алда үлкен жұмыстардың күтіп тұрғандығы Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты шешілмей жатқан мәселелерді жеткіліктері екендігін меңзейді. Себебі кейінгі кездері бұқаралық ақпарат құралдарында Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі екі жақты келісімдер бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер арасында бірқатар түсінбеушіліктерге қатысты пікір таластардың болғандығы қарастырылды. Осы мәселе де Қазақстан Республикасы Басшысы Қ. Тоқаевтың күмәнді баяндамасына арқау болып отыр десек болады.

Омбы қаласында өткен Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысқан еліміздің сауда министрлігі ресейлік әріптестерін сын тезіне салды. Осы ведомствоның Сыртқы сауда қызметі департаментінің директоры Уасиля Байқадамова екі ел тауарлары арасындағы бәсекелестік әділетті болуы керек екенін алға тартып, негізсіз кедергілерді алып тастауға шақырды: «Ресейдің тағам өнімдері Қазақстанның дүкендерінде самсап тұр. Біздің сүт өнімдеріміз, ет жартылайфабрикаттары, өсімдік майын өндірушілеріміз, тіпті қазақ автопромы да Ресей нарығына шығады. Бірақ, өкінішке қарай, өнім өндірушілеріміз Ресей тұтынушыларына толық қол жеткізе алмай, бірқатар кедергіге тап болып отыр. ЕАЭО-да протекционистік көңіл-күй әлі де күшті», – деді ол. Қазақ жағының талаптары мынадай. Біріншісі – өзара саудаға кедергі келтіретін құқықтық «ақтандақтарды» жою, екіншіден, сауда инфрақұрылымдарын дамыту жұмыстарын бірізге түсіру, сауда көлеміне сәйкес жолдар мен шекара өткелдерін салу [12]. Осы Уасиля Байқадамованың атап отырғанында қазіргі таңда Ресей тарапынан өзінің ішкі нарығын қорғауда басқа мемлекеттердің импорттарына қандай да бір негіздермен шектеу қойының бар екенді аталып отыр. Бұл дегеніміз Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің өзіндік құқықтарына қарама-қайшылығын білдіреді дегенді көрсетеді. Осыған байланысты бірқатар мәселелер туындап осыған қатысты бірқатар шарттардың қайта қаралуын және олардың әлі де болса жан-жақты қаралып зерттелуін талап етеді.

Қазіргі таңда алдан шығып отырған сұрақтардың біразы осы еуразиялық экономикалық одақтан шығу мәселесі болып отыр. Бұл да болса уақыт талабы болып отыр деуге болады. Бұл сұрақ қалай болар екен деген қоғамда әр тараптағы көз қарастарды қалыптастыруда.

Сауда және интеграция вице-министрі Ж. Күшікова болса одақтан шығуға мәселесі әрине өте шетін амалға жататындығын айта келе, оған ешқандай тыйым немесе шектеу жоқтығына тоқталады. Қазақстан осы ұйымнан шығу қажет деп тапса, еш кедергісіз шыға алатынын атап өтті. Сонымен қатар ол бұндай шешімге келудің еш алғышарты не негізі жоқтығы мен еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс жасап жатқанына бар жоғы бес жыл ғана уақыттың өткендігін атай отырып, кез келген интеграциялық процестердің жемістерін көру үшін ұзақ уақытты қажет ететіндігіне тоқталады [13]. Осы Жанель Күшікованың сөзіне назар салар болсақ оның да атап отырғандығында шындық бар. Осындай үлкен Еуразиялық экономикалық одақтың құрылғанына қазіргі таңда он жылға да толмаған уақыт өтті. Бұл уақытқа қандайда бір жетістіктерге жету мүмкіндігі мен мүмкін емес тігін нақтылау біз үшін орасан зор мәселе. Бұл тарапт арда осы сала ғалымдары мен іс тәжірибе мамандары арасында бір нақты ортақ пікірдің жоқтығы да бізді алаңдатады.

Е. Омарғазы Еуразиялық экономикалық одақ және Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі біраз мәселелерге тоқтала келе Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты келесідей мағынадағы мәлімдемесін келтіреді. Оның пайымдауынша қазіргі кезде әлемдік тенденциялар мен жаһандық экономикалық дағдарыс әлемнің бірқатар елдерін тығырықтан шығуда бірлесе жұмыстар жасау қажеттілігін тудырды. Осындай қадамдардың әлемде орын алып отырған макроэкономикалық тұрақтылықты сақтау барысында маңызы зор. Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасының қатысуымен құрылып отырған Еуразиялық экономикалық одақтың интеграциялық мүмкіншіліктері өте жоғары деуге болады. Алдымен, өзара арзан әрі келісілген жұмыс күшінің қозғалыстары, екіншіден, капиталдың мүше елдер арасында еркін қозғалысы болса, үшіншіден, нарықтардың кемшіл тұстарын өзара толықтыру мақсатында тауар айналымының жүзеге асырылуы да, төртіншіден валютаға байланысты кедергілерді алып тастау мәселелері. Осы тұрғыдан қарағанда, осы көзделген мақсаттарға Еуразиялық экономикалық одақ жетгі деуге келмейді әрі ерте [14].

Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеяның пайда болуы, жүзеге асуы және дамуы мен жетілуі 1991 жыл мен 2021 жылдар арасын құрап, келесі құқықтық қалыптасу кезеңдерінен тұрады деуге болады:

- тәуелсіз мемлекеттер достатсығын құру туралы келісім;
- гуманитарлық және экономикалық саладағы интеграцияны тереңдету туралы келісім шарт;
- Еуразиялық экономикалық қауымдастықты бекіту туралы келісім шарт;
- ортақ кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру жөніндегі келісім шарт;
- Еуразиялық экономикалық интеграция туралы келісім шарт;
- Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісім шарт;
- Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің қосылуына байланысты шарт;
- Еуразиялық экономикалық одақ туралы халақаралық шартқа тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы шарттар.

Еуразиялық экономикалық одақ геоэкономикалық тұрғыдан шындыққа айнала отырып, әлемдік қауымдастықтардың назарын өзіне аударқанын және қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одақтың әлемдік қауымдастықтарға танылғаны мен оған мүше елдердің санының артқандығын, оның алдағы уақытта дамуы мен өсуіне мүмкіндіктердің бар екендігін айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясы – Н. Назарбаевтың бастамасы – В. Путин // <https://strategy2050.kz/news/9225/>
2. Президент Н. Назарбаевтың еуразиялық идеясы және оның дамуы // <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12340>
3. Бекяшев К.А., Моисеев Е.Г. Таможенное право: учебник. – 3-е изд., перераб. и доп. – Москва: Проспект, 2015. – 328 б.
4. Таможенное право: учебник для бакалавров / А.В. Зубач [и др.]; под общ. Ред. А.В. Зубача. – М.: ИздательствоЮрайт, 2016. – 479 б.
5. Таможенное право: учебное пособие / отв. Ред. О.Ю. Бакаева. – 2-е изд., пересмотр. – М.: Норма: ИНФРА-М, 2016. – 512 б.
6. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шарт жобасына қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000997>
7. Қазақстан Республикасы 2014 жылдың 24 желтоқсандағы «2014 жылғы 29 мамырдағы еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы шартты ратификациялау туралы» заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000265/links>
8. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 тамыздағы «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шартты, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы, содай-ақ 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдану жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000346>
9. Евразийский экономический союз // https://ru.wikipedia.org/wiki/Евразийский_экономический_союз#Население
10. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың М:В: Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзі // https://akorda.kz/kz/speeches/external_political_affairs/ext_speeches_and_addresses/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-mvlomonosov-atyndagy-meskeu-memlekettik-universitetinde-soilegen-sozi
11. ЖЕЭК: Сауда-саттық және экспорт ұлғайып келеді // Egemen Qazaqstan. №237 (30216) 13 желтоқсан, дүйсенбі 2021 жыл. – б. 1-2.
12. Еуразиялық экономикалық одақ: түйткіл, түйін және күңкіл // https://nege.kz/news/economy/euraziyalik_ekonomikalik_odak_tuitkil_tuiin_zhane_kunkil_2019111150014
13. Күшікова Ж. Дәл қазір Еуразиялық экономикалық одақтан шығуға ешқандай негіз жоқ // <https://inbusiness.kz/kz/last/zhanel-kushikova-eaеo-dan-shygu-en-akyr-gy-amal>
14. Омарғазы Е. Қазақстан ЕАЭО және ДСҰ шеңберіндегі өзгерістерге дайын // https://www.inform.kz/kz/kazakhstan-eaеo-zhane-dsu-shenberindegi-ozgeristerge-dayyn-e-omargazy_a2826297

*Қалиев Асылбек Серікұлы, Қайнар Академиясының 1-курс магистранты,
Алматы қаласы.*

*Жақсымбетов Бақытжан Пәрмешұлы, Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті,
құқықтық пәндер кафедрасының, қаум.профессоры, заң ғылымының кандидаты,
Алматы қаласы.*

Кеден саласына қатысты кеден одағы бойынша заңнамалардың біркелкілігіне байланысты мәселелер

Аңдатпа

Мақалада Ресей, Беларусь және Қазақстан Кеден одағының құрылуына және Кеден одағының Кеден кодексінің күшіне енуіне байланысты кедендік реттеуге байланысты проблемалар қарастырылады.

Түйін сөздер: кедендік реттеу, Кеден одағы, кедендік іс.

Вопросы, связанные с единообразием законодательства по Таможенному союзу в отношении таможенной сферы

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы, связанные с таможенным регулированием в связи с созданием Таможенного союза России, Белоруссии и Казахстана и вступлением в силу Таможенного кодекса таможенного союза.

Ключевые слова: таможенное регулирование, Таможенный союз, таможенное дело.

Issues related to the uniformity of legislation on the Customs Union in relation to the customs sphere

Abstract

In article the problems connected with customs regulation in connection with creation of the Customs Union of Russia, Belarus and Kazakhstan and coming into force of the Customs Code of the Customs Union are considered.

Key words: customs regulation, Customs Union, customs business.

Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты соңғы уақыттарда қоғамда әртүрлі пікірлер қалыптасуда осыған байланысты Еуразиялық экономикалық одақтың тиімді қырларымен қатар көлеңкелі тұстары да байқалып, өзара пікір талас тақырыбына айналады. Бұны да қазіргі уақыттағы өмір талабы деуге келерлік. Осыған себеп болып отырған әлемді жайлаған пандемия көптеген елдердің экономикасына орасан зор зардаптарын алып келгені барлығымызға белгілі болды. Сонда да болса әрбір мемлекет осы пандемия кесірінен пайда болған экономикалық ахуалдарды шешуде өз беттерінше шаралар қабылдап өз елдерінің экономикалық жағдайын қорғап, орын алған қиындықтарды шешуде және осы тығырықтан шығар жолдарды өз беттерінше іздестіруде. Осы мәселе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстан мемлекеттерін де айналып өтті деуге келмейді. Әлемді тығырыққа тіреген пандемия мәселесі біздің де елдің осал тұстарын ашып көрсетіп берді. Мемлекет тарапынан елдің экономикасын сақтау қалуда біршама шаралар қабылданғанымен көптеген мәселелер Еуразиялық экономикалық одақ көлемінде шешуді талап еткендіктен, бірінші кезекте экономикаға байланысты мәселелер Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде шешімдерін табылары қажет болып танылады. Осының

салдарынан кейінгі кезде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында осы Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты өзара даулар мен тартыстар ашықтан ашық талқыланып өз келіспеушіліктерін ашып көрсету белең алуда. Бұл өз кезегінде Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде кедендік реттеулерге қатысты қабылданған халықаралық шарттар мен Еуразиялық экономикалық одақ комиссия шешімдерінің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің ішкі сұранысы мен талаптарына сай емес па деген сұрақты туындатады. Осыған байланысты қазіргі уақытта бірінші кезекте Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі қабылданған қандайда бір құжаттар осы одаққа мүше елдердің отандық заңнамалық актілерімен сәйкестендіру арқылы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттар мен отандық құқықтық актілерді біркелкілендіру қажеттігі туындап отыр.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің арасындағы кейінгі кездегі туындап отырған мәселелердің барлығын Мәскеуде 2019 жылғы 25 қазанда өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысында Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтановтың «Қазақстан шаң қауып отырмайды. Серіктес елдер қолданып отырған қамсыздандыру төлемі және Беларусьтегі арнайы импортер институты секілді ішкі нарықты қорғау шаралары ЕАЭС-тегі ортақ алкоголь нарығын құру мақсатына түбегейлі қайшы келеді», – деген мәлімдемесін жасады [1]. Осы Бақыт Сұлтановтың мәлімдемесінен әлі де болса Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі тауар айналымы толығымен шешілмегендігін аңғартады. Осы айталғаннан кейбір одаққа мүше мемлекеттер өз пайдасына ғана жұмыс жасап отыр ма деген сұрақ қалыптастырады. Сонымен қатар кеңес шеңберінде дәрілерге қатысты да мәселелерді көтеріп, дәрілерді тіркеу куәліктерінің автоматтандырылуын тану, одақ аумағының нарығына қазақ тауарларын экспорттауды жеңілдету, кеден одағы аумағында алкоголь өнімдерінің нарығына одаққа мүше мемлекеттермен тең құқық беруге қатысты мәселелерде талқыланды. Себебі кейінгі кездері одаққа мүше елдер тарапынан Қазақстан өнімдерін саудаға салуға кедергілердің орын алғандығы анықталған болатын.

С.Т. Алибеков, Ж.Т. Успанов, О.Б. Хусаинов Еуразиялық экономикалық одақтың құқығы келесілерден тұратындығын баса айтады:

- Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы келісім шарт;
- Одақ шеңберіндегі халықаралық келісім шарттар;
- Одақтың үшінші тараппен жасасқан халықаралық келісім шарттары;
- Келісім шартта және Одақ көлеміндегі халықаралық келісімшарттарда қарастырылған

өкілеттіктер шегінде Жоғарғы үкіметаралық кеңеспен және Еуразиялық экономикалық комиссиясымен қабылданған шешімдер мен өкімдері [2, б. 145]. С.Т. Алибеков, Ж.Т. Успанов, О.Б. Хусаиновтардың қарастырып нақтылап отырған Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтық мәртебесін белгілейтін құқықтары отандық заңнамалармен де белгіленген. Алайда осы Еуразиялық экономикалық одақтың құқықтары белгіленген Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы келісім шарт, одақ шеңберіндегі халықаралық келісім шарттар, Одақтың үшінші тараппен жасасқан халықаралық келісім шарттары, Еуразиялық экономикалық одақ туралы Келісім шартта және Одақ көлеміндегі халықаралық келісімшарттар, Жоғарғы үкіметаралық кеңеспен және Еуразиялық экономикалық комиссиясымен қабылданған шешімдер мен өкімдер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінен басымдыққа ие екендігін ескере отырып оларда қарастырылған талаптар мен тәртіптер және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құқықтық мәртебесін айқындайтын белгілер отандық заңнамаларда да өз орындарын алулары тиіс және оған қарама қайшылығының болмауы тиіс.

Еуразиялық экономикалық одақтың нақты мақсаты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бірлесе отырып, осы одаққа мүше мемлекеттердің құқықтық мәртебесін

әрбір мемлекеттің құқықтық актілері қарастырылып бекітілген отандық заңнамалары шегінде болуы қажет ақ алайда іс жүзінде басқаша жайттар орын алып көбіне Ресейдің отандық заңнамаларының басымдыққа ие болып отырғандығы байқалады. Бұл туралы ғалымдардың пікірі осыған келеді десек артық болмас. Атап айтар болсақ, С.Т. Алибеков пен К.С. Абильманова авторлық және сабақтас құқытары бойынша зерттей келе қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің қолданысындағы авторлық құқық және сабақтас құқық саласындағы заңнамалар негізінен Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінен тұрады дегендей пікір қалыптасып отырғандығын қарастырады [3, б. 91]. С.Т. Алибеков пен К.С. Абильманованың атап отырғанындай қазіргі кезде Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты қабылданып отырған актілер мен шешімдер және негізгі құжат еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттарында белгіленген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің құқықтық мәртебелері Ресей Федерациясының заңнамалық актілерінен тұрады дегенге келеді. Бұл дегеніміз барлығымыз Ресейдің экономикасына жұмыс жасауда деген пікірді қалыптастырады. Себебі әрбір отандық заңнамалық актілер сол елдің экономикалық ахуалы мен мүмкіндігіне қатысты қабылданып сол елдегі мәселелерді шешуге бағытталуы шарт. Осыдан егер біз Ресейдің құқықтық актілері негізінде қызмет жасар болсақ одна біз сол Ресейдің экономикалық жағдайында қалыптасып олармен тығыз байланыса отырып жұмыс жасауға алып келеді деген ой туындайды және солай болады да. Осыған байланысты қазіргі уақытта бірінші орынға осы Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының құқықтық актілеріне біркелкілендірі отырып отандық экономикамызды орнықтыру бағытын ұстануымыз қажет ақ. Осы күндері әлемді өздеріне қаратып отырған Ресей мен Украина Республикалары арасында соғысқа ұласқан шеке тірістердің кесірінен Ресейге әлем бойынша салынып жатқан экономикалық санкциялардың да зардабы мен кесірі Қазақстан Республикасымен қатар осы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерді айналып өтпеуде. Оның өзі біздің экономикамыздың Ресейбен байланысып араласып кеткендігінен деуге болады. Осыдан С.Т. Алибеков пен К.С. Абильманованың көрсетіп отырған мәселелері шындыққа жанасып оның қосымша дәлелдеуін қажет етпейді. Авторлық және сабақтас құқықтарының Азаматтық құқықпен реттеліндігін ескере отырып осы Еуразиялық экономикалық одақ аумағындағы авторлық және сабақтас құқықтарына қатысты мәселелер орын алған жағдайда туындайтын дауларды шешуде Еуразиялық экономикалық одақ Соты осы дауды шешуде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сүйене отырып шешетіндігін ескерсек, онда жоғарыда қарастырылған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта Ресейдің Азаматтық заңнамасы басымдыққа ие болып отырғандығын көрсетеді. Сонда да болса осы Ресейдің Азаматтық заңнамасымен қатар басқа да құқықтық актілерінің Қазақстан Республикасының Конституциясына қарама қайшылығының болмауы болса болды деп ескеріледі. Алайда таяқтың екі ұшы бар дегендей Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта белгіленген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше ретінде танылатын Қазақстан Республикасының адамдары мен азаматтарының негізгі құқықтық мәртебесімен мемлекеттің құрылымы бекітілген Қазақстан Республикасы Конституциясына қарама қайшы болмағанымен оған сай ма деген сұрақтың қойылуы қажет.

С.А. Агомогомедов болса Кедендік одақ және бірыңғай экономикалық аумақ жағдайында зияткерлік меншік объектілеріне жататын кедендік тауарларға бақылауды жетілдіруде бізбен ұсынылып отырған бағытында келесідей үш топқа бөліп қарастыруға жатады дегендей пікірімен бөліседі: нормативтік-құқықтық; ұйымдастырушылық; техникалық [4, б. 133]. С.А. Агомогомедовтың ұсыныша отырған заңнамалық актілерді жетілдіру бағытындағы нормативтік-құқықтық; ұйымдастырушылық; техникалық бағыттардың біріншісі ретінде қарастырылатын нормативтік-құқықтық бағытында алға қойылатын талап

отандық экономикамызға тиімді және отандық заңнамалық актілерге қарама-қайшы болмағанымен соған сай сол мақсатты ұстанатын құқықтық актілерді ұсынуымыз керек. Осының негізінде қазіргі таңдағы әлемде үлкен мәселеге айналып отырған пандемия мен Ресейге беріліп отырған санкциялар негізінде біздің үлкен үміт артып күткен экономикалық жағдайымыз күр нашарлар кейін қарай кетудеміз. Бұл өз кезегінде Ресейдің басмқа Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерді өзімен бірге тұңғыққа тартып бара жатқандығын көрсетеді. Осыған орай қазіргі таңда әрбір Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер осы тығырықтан шығар жолды таңдауда дұрыс қадамдарға барулары тиіс. Себебі ендігі кезде экономикамыз қайта қателескендікті көтере алмауы мүмкін. Одан шығу жолы ретінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттарда белгіленген талаптар мен тәртіпті қайта қарап ортақ тиімді жолдарды іздей отырып оны табулыра тиіс.

3. Гладкая Еуразиялық экономиялық одақ шеңберіндегі тауарлардың ерекше сипаттамасына қатысты туындап отырған өзекті мәселелерді қарастыра келе Ресей Федерациясында жолға қойылған мәселелерді мысалға алып қазіргі таңда Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біркелкілікке түсіру тек қана мүше мемлекеттердің барлығына ортақ алға дамып жетілудің бір ғана жолын ұстанған кезде ғана мүмкіндігін атап өтеді [5, б. 38]. 3. Гладкаяның атап отырғаны да қазіргі таңдағы тығырықтан шығудың бір бағыты десек те болады. Сонда да болса жоғарыда атап өткеніміздей С.Т. Алибеков пен К.С. Абильтманованың пікіріне сай Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты мәселелердің барлығы Ресей заңдарымен біркелкілікке келтірілуі мүмкін деген күдікті туындатады. Сондықтан бұл мәселені шешуде әрбір мемлекет өкілдері өз мемлекеттерінің алдығы қойған мақсаттарын ұстана отырып тиімді жақтарды қабылдауы дұрыс. Сонда да болса Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері ресей Федерациясының заңнамалық актілерінің тым алшақты бір-біріне сай келмейді деуге келмес сонда да болса өзара айрмашылықтары барлығын мойындауымыз қажет. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің заңнамалық актілерін біркелкілендіру барысында осы аталған әрбір елдердің заңнамалық актілері арасындағы айрмашылықтың назардан тыс қалмауы.

А. Дурдыев қазіргі таңдағы тек қана Беларусь Республикасындағы мәселе емес алдағы уақытта әлем бойынша өзекті мәселеге айналғалы тұрған ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселелерге кеңінен тоқталып, алдағы уақытта осы өзектіліктердің шешілу жолы ретінде агро өндірістік кешен саласындағы сыртқы экономикалық қызметті жетілдіруді, экспорттық мүмкіншіліктерді арттыруды және сауда-саттықтың қарқындылығын көбейтуді ұсынады [6, б.38]. Беларусь Республикасын күтіп отырған азық-түлік қауіпсіздігі бізді де айналып өтпейтіндігі айдан анық. Осыған байланысты А. Дурдыевтың атап отырғанындай Қазақстан Республикасы негізінен аграрлы аймақ екенін ескере отырып осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіре отырып, біржақты шешім қабылдау қажеттігі Үкіметтің алдында тұрған үлкен жұмыс. Себебі Қазақстан Республикасымен қатар Ресей Федерациясы да Беларусь Республикасы да аграрлы мемлекеттер қатарында болғандықтан олар да азық түлікке қатысты өздерінің отандарының экономикалық ахуалын ескере отырып шаралар қабылдайтындығы белгілі. Сондықтан Қазақстан мемлекет ішінде осы бағытта отандық экономикамызға кесірі тимейтіндігімен қатар экономикамыздың өсуіне қажетті шараларды қабылдау міндеттігі жүктеледі. Осы бағытта жұмыс жасайтын Кедендік реттеу саласындағы заңнамалық актілер мен осы салада қызмет атқаратын Кеден органдарының қызметін реттеудің де сырт қалмауы тиіс.

С.Т. Алибеков, Ж.Д. Сатыбалдинов, Д.М. Махмадинов кедендік қызметпен заңнамаға сай жүзеге асырылатын бақылау, фиксальды, құқықтық қорғау сияқты үш бағыттан

тұратындығын қарастырады [7, б. 11]. Осы С.Т. Алибеков, Ж.Д. Сатыбалдинов, Д.М. Махмадиновтардың атап отырғанындай кедендік қызметпен айналысатын органдар бірінші кезкеше өздеріне белгіленген өкілеттіктер шегінде құқықтардың қорғалуы мен қамтамасыз етілуін жүзеге асыру барысында бірінші кезекте Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт пен осы шарттың негізінде қабылданатын комиссиялардың шешімдеріне назар аударулары қажет. Сонда да болса олар отандық заңнамалық актілерде белгіленген тәртіп пен талаптардың қамтамасыз етілуін бақылауда ұстаулары міндетті. Өйткені біздегі тауар айналымына қатысты мәселелер тек Кеден арқылы тауарларды импорттаулармен қатар Кеден арқылы тауарларды экспорттау да қарастырылады. Сонымен қатар Отандық заңнамалық актілерде белгіленген отандық кәсіпкерлердің құқықтары мен олардың мүдделерін жан-жақты қорғап оларға тиісті бағытта өз көмектерін де көрсетулері керек. Осыған орай біздің қазіргі таңдағы Кедендік реттеулерді жүзеге асыратын және асырып жүрген Кеден қызметінің өкілеттігі өздеріне белгіленген міндеттерді атқарудағы құқықтары өзара сай ма деген сұрақтар өздігінен туындайды.

Б. Қайрамбаев пен С. Алимбековтер Егеменді Қазақстанның кеден қызметіндегі орын алып отырған мәселелерге тоқтала келе, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше елдердің кедендік құрылымы Армения Республикасында кеден қызметі Армения Республикасының Мемлекеттік кіріс комитетінде болса, Беларус Республикасында кеден қызметі Беларус Республикасының бөлек Мемлекеттік кеден комитетіне қараса, Қырғыз Республикасында кеден қызметі Қырғыз Республикасы Үкіметі жанындағы бөлек Мемлекеттік кеден қызметінің құрамында, Ресей Федерациясында кеден қызметі Ресей Федерациясының бөлек Федерациялық кеден қызметіне қараған, ал Қазақстандағы кеден қызметінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кіріс комитетінің құрамында болып тұрғандығын өзектіліктің бірі ретінде қарастырады. Сонымен қатар олар Кеден мемлекеттің бетке ұстары екендігін тілге тиек ете келе мемлекеттік реттеу механизмі үшін кедендік саланың орны мен рөлін анықтау маңыздылығын атап өтеді. [8, б. 18]. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің Кеден саласын реттейтін органдарының құрылымын кеңінен қарастыра отырып тұжырым жасаған Б. Қайрамбаев пен С. Алимбековтердің пікірінен біз Кедендік реттеуді жүзеге асыратын органның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кіріс комитетінің құрамында болғандығы өз кезегінде бұл органның аса маңызға ие еместігін көрсетеді. Бұл дегеніміз Еуразиялық экономикалық одаққа қатысты кедендік реттеу саласындағы қызметтерді жүзеге асыруды жүктеген органның тым көп бағыныштылығы оның үлкен күшті орган ретінде қабылдауға мүмкіндік бермейді. Осыдан біз Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің құқықтық актілерін біркелкілендіру қажеттігін мойындмай отырып, осы құқықтық актілерді біркелкілендірумен қатар осы кедендік реттеу саласындағы қызмет атқаратын органдарды да біркелкілендіру қажет деген тұжырым жасауға алып келеді.

Биржалық тауарларды экспортқа жіберу барысында кедендік бағаны анықтау бойынша сот тәжірибесін қорытуда қорғудың негізгі мақсаты сот практикасымен таныса отырып, заңнамаларды қолданудың біркелкілігін қалыптастыру бойынша ұсыныстарды даярлау, сот практикасы кезінде құқық қолданудағы кездесетін өзекті мәселелерді анықтау болып танылатындығы қарастырылады. Сонымен қатар қорыту барысында биржалық тауарларды экспортқа жіберу барысында кедендік бағаны анықтау бойынша сот басшылыққа алатын негізгі нормативтік құқықтық актілерге келесілерді жатқызады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» заң күші бар жарлығы (20 шілде 1995 жыл);
- Кеден кодексі (5 сәуір 2003 жыл) [9, б. 67].

Д. Байниязов әлемдік тәжірибе әрбір мемлекеттің жетістікке жете отырып дамуы мен гүлденуінің кепілі ретінде уақыттың талабына сай заңнамалық актілердің өзгертілуі мен жаңаруына мән беру керектігін бірнеше рет көрсетті [10, б. 18].

А. Шогельбаев экономика әлемдік жаһанданудағы экономика кезеңіндегі сыртқы экономикалық қызметтердің маңыздылығы мен мағынасын аша отырып қазіргі таңда сыртқы экономикалық еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуына тікелей әсер етуінің өсуіне сай сыртқы экономикалық қызыметті жетілдіру қажеттігіне тоқталады [11, б. 44]. Қазақстан Республикасы үшін бірінші кезекте өзінің экономикалық ахуалын дұрыстай отырып оның әлемнің озық мемлекеттер қатарында болуы үшін әрине бірінші кезекте сыртқы елдердің экономикалық жағдайын ескере отырып сол елдердің тәжірибесіне шолу жасай отырып өзіндік экономикасын А. Шогельбаевтың атап отырғанындай сыртқы экономиканы жетілдіру бағытын ұстанғаны жөн. Қазақстан Республикасы қазіргі таңда тек Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ғана тауар айналымын жасауда деуге болмайды. Өйткені Қазақстан Республикасы осыған дейін де басқа жақын және алыс шет елдермен сауда саттық жөнінде келісімдерде болып олармен өзара халықаралық шарттарда отырып оның талаптарын бұлжытпай орындауда. Осыған байланысты Қазақстан үшін бір ғана Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіне бар күшті салмай басқа да елдермен сшауда саттық жасаудағы тиімді тұстарды анықтай отырып өз пайдамызға шешуіміз тиіс. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы егеменді ел ретінде дүние жүзіне танылғандықтан өз шешімдерін де бейтарап өзіміздің халықтың мұқ мұқтажын, құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін жолдарды таңдауы кұп.

Қазақстан Республикасы үшін экономикалық мәселелерді шешуде әрине отанға инвестицияны тартудың да атқарар рөлінің баршылығын ұмыстпауымыз қажет. Осы Еуразиялық экономикалық одаққа шет елдерден келетін инвестицияларды құқықтық реттеуді зерттей отырып өз пікірін ортаға салып отырған И.В. Буйко Еуразиялық экономикалық қауымдастық ішіндегі инвестициялық қатынастарды реттейтін заңнамалық базаларға шолу жасай отырып, беларус заң шығарушыларына инвестицияға қатысты заңдарға олардың жағдайларын нашарлататын өзгертулерден бас тартуға назар аударуын өтінеді [12, б. 95].

«Соттардың кеден заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29 қараша 2019 жылғы №7 нормативтік қаулысының екінші тармағында «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының кодексі ұлттық заңнама актісі бола отырып, өз қолданысын Еуразиялық экономикалық одақтың біріңғай кедендік аумағының бөлігі ретінде Қазақстан Республикасына тауарларды әкелуге және оларды Қазақстан Республикасынан шығаруға байланысты құқықтық қатынастарға қолданылады» [13, б. 47].

